



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕМ НАЗАРЫ - ИРАНДА



Әлем елдерін алаңдатқан тағы бір соғыс өрті Иранда тұтанды. 28 ақпанда АҚШ пен Израиль Иранға қарсы ауқымды әскери операция бастағанын мәлімдеді. Өкінішке орай зымырандар тек әскери нысандарға ғана емес, бейбіт халыққа да залалын тигізді. Иранның шамамен 20 қаласына, соның ішінде Тегеран, Исфahan, Құм, Шахрияр және Тебризге шабуыл жасалды. Алғашқы күні әуе соққысы салдарынан қаза тапқандар саны 148 адам болса, жараланғандар саны 300-ден асты. Оның басым бөлігі – мектеп оқушылары.

(Жалғасы 2-бетте)



2-БЕТ

«Халықаралық қатынастар» зерттеу орталығы ашылды



5-БЕТ

Қызды қымтап ұстаған ұялмайды



8-БЕТ

Бекжан БЕРДІҚҰЛОВ, Зоология институты орнитология және герпетология зертханасының меңгерушісі міндетін атқарушы, PhD:

«Құс тамашалау – туризмнің ең кенжелеп қалған саласы»

ТҮЛПА

АРМАНЫ АСҚАҚ АДАМНЫҢ МАҚСАТЫ БИИК

Тағдыр дегеніміз не? Бұл сұрақ кез келген адамды бей-жай қалдырмайды. Ел арасында «маңдайға жазылған тағдыр», «маңдайыңа не жазылса, соны көресің» деген пікір қалыптасқан. Менің түсінгенім – адам өз тағдырының иесі, тағдыр әр адамның өз қолымен жазатын кітабы. Адамның өмірі – тағдырын қалай қабылдап, өз қалауымен өзгертуге тырысуына байланысты. Арманы үлкен адамның алдына қойған мақсаты да биік болады. Біздің бүгінгі өңгімеміздің кейіпкері Моряк Смағұлұлы да осындай арман қанатына мініп, алдына биік мақсаттар қоя білген, өз тағдырын өзгертіп, өмір теңізінде еркін жүзген азамат.

Туған топырағың қасиетті болса, өсетін ортаң да сенің өміріңнің айнасы іспетті. 1956 жылы 6 наурызда дүниеге келген Моряк Смағұлұлы Шегенов бұрынғы Жезқазған, қазіргі Қарағанды облысы, Ақадыр ауданы, Успен ауылының тумасы. Мұнда мыс қорыту зауыты болған. Дүние есігін ашқан нәрестеге Моряк деген ат Алладан бұйырды және ол бекер моряк болмапты. Мәкеннің жүріп өткен жолы соның куәсі болса керек.

Моряк Смағұлұлы 13 жастан асқанда асқар тау әкесі дүние салады. Әкеден, дүниедегі ең жақын адамынан, қамқоршысынан бұғанасы қатпаған шағында айырылу Моряк Смағұлұлына оңай тимейді. Осылайша өмір бозбаланы жасына жетпей есейтті. Соның салдарынан ерте жұмысқа араласты. Анасының сүйеніші болды.

Орта мектепті алдыңғылардың қатарында жақсы бітірген Моряк Смағұлұлы өмір жолын Успен ауылында слесарлық жұмыстан бастайды. Трактор да жүргізеді. Успен ауылы темір жол бекетіне жақын орналасқан. Сол себептен де ауыл баласы Моряк Смағұлұлы балалық шағын темір жол бекетінде тұрғандардың арасында өткізді. Өзі де «мен темір жол бойының бұзығы болдым ғой» деп күліп еске алып отырады.

Өмірлік жары Розаны да осы темір жол бойында тапқан, екеуі бір мектепте оқыған. Моряк Смағұлұлы өмірінің тағы бір қызығы: Кеңес армиясының қатарына шақырылғанда «атым Моряк



кой» деп теңіз флотына сұраныпты. Бірге шақырылған балалардың бес-алтауын сол теңіз флотына алса керек.

(Жалғасы 5-бетте)

ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ

Адвокатура мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту қорғану құқығының кепілдіктерін күшейтуге және сот төрелігі жүйесінде заң көмегінің рөлін арттыруға бағытталған. Құжатқа сәйкес, Қазақстандағы адвокатура азаматтардың мемлекет кепілдік берген сот арқылы қорғану және заң көмегін алу құқықтарын іске асыруға жәрдемдеседі. Сонымен қатар, заң көмегін тек адвокаттар ғана емес, заңда белгіленген тәртіппен өзге де тұлғалар көрсете алатыны атап өтілген. Негізгі заң жобасында адвокаттық қызметті жүзеге асыру тәртібі, сондай-ақ адвокаттардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі арнайы заңмен айқындалатыны да көрсетілген. Адвокатура мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту қорғану құқығының кепілдіктерін күшейтуге және сот төрелігі жүйесінде заң көмегінің рөлін арттыруға бағытталған.

Адвокатура мәртебесінің Ата Заңда айқындалуы азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау сапасын жаңа деңгейге көтереді. Сөз болып отырған норманың кәсіби жүйе мен қарапайым азаматтар үшін атқаратын өзге де негізгі функциясын адвокат Бақыт Нұрлықұл толық айтып берді.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕ – СИМВОЛИКАЛЫҚ ЕМЕС, МАЗМҰНДЫҚ ӨЗГЕРІС

– Бақыт Ғалымжанқызы, жаңа Ата Заң жобасында адвокатура мәртебесінің айқындалуы сала мамандары үшін қандай мәнге ие?

– Адвокатураның мәртебесін конституциялық деңгейде бекіту – оны жай ғана кәсіптік бірлестік емес, құқық қорғау жүйесінің ажырамас институционалдық элементі ретінде тану деген сөз. Бұған дейін адвокатура қызметі салалық заңдармен реттеліп келгенмен Конституцияда адвокатураның құқықтық табиғаты мен рөлі нақты көрсетілмеген еді. Енді ол Ата Заң деңгейінде бекітілсе, адвокатураның мемлекеттік билік тармақтарымен тең дәрежедегі құқықтық маңызын айқындайды. Оның тәуелсіздігін конституциялық кепілдікке айналдырады және азаматтың қорғану құқығын институционалдық тұрғыда нығайтады.

– Осы орайда бұған дейін адвокатура

мәртебесінің конституциялық деңгейде белгіленбеуі жұмыс барысында қандай қиындықтар туғызғанын айтып беріңізші?

– Бұрынғы құқықтық модельде бірқатар жүйелілік мәселе байқалған. Адвокаттардың тәуелсіздігі заң жүзінде жарияланғанымен, конституциялық деңгейде бекітілмеген және мемлекеттік органдардың адвокат қызметіне жанама ықпал ету тетіктері сақталған еді. Сондай-ақ адвокаттың процессуалдық теңдігі іс жүзінде әрдайым қамтамасыз етілмегені мен адвокат мәртебесінің қоғамдық салмағы жеткілікті деңгейде институционалданбағаны назар аударуды талап ететін. Бұл олқылықтар адвокат қызметін толыққанды тәуелсіз құқықтық институт ретінде қабылдауға кедергі келтіріп келді.

(Жалғасы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОҢ ҚАДАМ

ӘЛЕМ НАЗАРЫ - ИРАНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Беделді халықаралық ұйымдар екі тарапты бітімге келтіріп, мәселені бейбіт шешуге үндегенімен, қақтығыстың қантөгіссіз тоқтайтын түрі жоқ. Тіпті Иранның жетекшісі Аятолла Әли Хаменеидің өлімі де жағдайды реттеуге көмектеспей тұр. Билік Хаменеидің қайтыс болғанын ресми растап, 40 күндік аза тұтуды жариялағанымен, АҚШ пен Израильге қарсы ұрыс қимылдарынан бас тартпады. Әскери операцияға басылық ету Иран Ислам Республикасының жана жетекшісі сайланғанға дейін Аятолла Әлиреза Арафиге жүктелген. Ал жана басшы АҚШ пен Израильдің әрекетін негізсіз агрессия деп бағалап, өз қарсылығы ретінде Израиль аумағына, сондай-ақ Бахрейндегі АҚШ-тың Бесінші флоты штабына және Катар, БАӘ, Кувейт, Сауд Арабиясы мен Иорданиядағы АҚШ әскери базаларына соққы жасады. Осылайша саяси алаңдағы жымсысқа қадамдардың салдарынан Таяу Шығыстағы бірқатар ел қауіп-қатердің ортасында қалды.

Қазір ресми Израиль өз әрекетін «Иранның ядролық қаруға қол жеткізуіне жол бермеуді» мақсат еттік деп ақтаса, АҚШ Иранның әскери-теңіз күштері мен қорғаныс өнеркәсібін жоюға ниетті екенін алға тартқан.

Осы әскери операцияға орай БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі шұғыл отырыс өткізді. Бас хатшы Антониу Гутерриш АҚШ пен Израильдің Иранға жасаған жаппай әскери соққыларын айыптайтынын айтып: «Сондай-ақ Иранның кейінгі әрекеттерін де айыптаймын. Бұл шабуылдар Бахрейн, Ирак, Иордания, Кувейт, Катар, Сауд Арабиясы және Біріккен Араб Әмірліктерінің егемендігі мен аумақтық тұтастығын бұзды. Қазіргі жағдай халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке елеулі қатер төндіріп отыр. Әскери іс-қимылдар әлемдегі ең тұрақсыз өңірде ешкім бақылап үлгермейтін оқиғалар тізбегіне әкелуі мүмкін», – деген алаңдаушылығын білдірді. Бас хатшы

халықаралық даулар тек бейбіт жолмен шешілуі тиіс екенін қадап айтты.

Қазақстан да әлемдегі төтенше оқиғаға жіті көз тігіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған елдердің халқына қолдау білдіріп, күрделі кезеңде ынтымақтастық пен жанашырлық танытатынын жеткізді. Президент өз үндеулерінде достас әрі бауырлас мемлекеттердің егемендігі мен қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін кез келген әскери әрекеттерді қатаң айыптайтынын айтты. Сонымен қатар Қазақстанның барлық күрделі халықаралық мәселелер мен қарулы қақтығыстарды тек дипломатиялық жолмен шешуді жақтайтынын ерекше атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның бауырлас араб елдеріне қолдан келген көмекті көрсетуге дайын екенін білдіріп, олардың жоғары басшыларымен тұрақты жұмыс байланыстарын жалғастыруға үміт артатынын қаперге салды.

Бүгінде Иран аумағында 96 Қазақстан азаматы бар. Сонымен қатар таяу шығыс елдерінде жүрген Қазақстан азаматтарымен де Сыртқы істер министрлігі тұрақты байланыс орнатқан. Ең бастысы әскери қақтығыс орын алған елдердегі Қазақстан азаматтары арасында зардап шеккендер туралы ақпарат жоқ. Құзырлы орган отандастарымызды қауіпсіз әуе кеңістігімен елге алып қайту жолдарын іздестіріп жатыр.

Елге жете алмай қалған отандастарымызға жаппай жиналатын орындарға және қоғамдық іс-шараларға барудан аулақ болу; жергілікті билік пен ресми ақпарат көздерін үнемі бақылау; құжаттарды әрдайым өзімен бірге алып жүру; мүмкін болатын төтенше жағдайларға дайын болу; Қазақстан дипломатиялық өкілдіктерімен тұрақты байланыста болу қажеттілігі ескертілген. Қауіпті аймақтардағы Қазақстан елшіліктері отандастарымызбен тәулік бойы байланыста.

Түймегүл ИБАСHEBA,
«Заң газеті»

Алматыдағы Ұлттық ғылым академиясында «Халықаралық қатынастар» зерттеу орталығы ашылды. Бұл іс-шара аясында Думан Жекеновтың «Орталық Азия мұраты» монографиясы мен «Жылдық жинақ – 2025» сериясы бойынша Орталық Азия аймағының геосаяси, тарихи және қазіргі заманғы даму үдерістерін көшенді ғылыми тұрғыда талдауға арналған жылнамалық жинақтардың таныстырылымы жасалды.

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР» ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



Атап айтқанда, «Қырғыз Республикасы» жинағы А.Мухаметжанның, «Өзбекстан Республикасы» жинағы Г.Апсаттарованың, «Түрікменстан» жинағы О.Байсалбектің, «Тәжікстан Республикасы» жинағы Б.Сариеваның, «Қытай – Орталық Азия қатынастары: талдау және жылнама» жинағы Ф.Қыдырбектің авторлығымен жарық көріп отыр. Орталық басшысы Думан Жекеновтың сөзіне қарағанда, «Орталық Азия мұраты» жобасы – Орталық Азия кеңістігін терең әрі жүйелі зерттеуге бағытталған ұзақмерзімді ғылыми-сараптамалық бастама. Жоба аймақтық зерттеулерді институционалдық негізде дамытуға, тұрақты талдамалық мониторинг жүргізуге, сондай-ақ Қазақстанның ғылыми-сараптамалық әлеуетін халықаралық деңгейде ілгерілетуге бағытталған. Аталған бастама Орталық Азия бойынша сапалы академиялық контент қалыптастырып, ғылыми қауымдастық пен сарапшылар арасындағы зияткерлік диалогты нығайтуды көздейді.

Ал «Жылдық жинақ – 2025» сериясы – осы бағыттағы алғашқы жүйелі қадам. Бұл басылымдар, ең алдымен, аймақ елдері туралы ақпараттық базаны қалыптастыруды көздейді. Жинақтарда аймақ елдерінің сыртқы саясатының даму эволюциясы мен жаңа геосаяси бағдарлары, заманауи сын-қатерлері, негізгі статистикалық деректер, мемлекеттік басқару жүйесінің құрылымы

(Президенттер институты, Министрлер кабинеті, әкімшілік-аумақтық бөлініс), халықаралық рейтингтердегі орны, екі-жақты дипломатиялық қатынастар орнатқан мемлекеттер тізімі, шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен мүшелік ететін халықаралық ұйымдары және 2025 жылға арналған ұлттық даму күн тәртібіне қатысты сараптамалық мақалалар топтамасы енгізілген.

Ұлттық ғылым академиясы президенті Ақылбек Күршібаевтың айтуынша, академияның 80 жылдығымен тұспа-тұс келіп отырған жаңа орталықтың ашылуы еліміздегі әлеуметтік ғылымның жаңа сапалық кезеңге өткенін көрсететін маңызды оқиға. Ол халықаралық қатынастардың, өңірлік талдаулардың сапасын көтеруге, Орталық Азия елдері арасындағы ғылыми диалогты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Ал Тұран университетінің ректоры, ҚР Халықаралық университеттер қауымдастығының президенті Рахман Алшановтың сөзіне қарағанда, Қазақстан 147 елмен экономикалық байланыста. Яғни, біз әлемдегі ең ықпалдасқан елміз деуге болады. Алайда елдің ішкі әлеуеті әлі толық игерілмеуде. Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарында халықаралық қатынастар факультеті не кафедралар бар. Алайда бірлескен зерттеулер жоқ. Елдің бәрі Орталық Азияны мәселелі аймақ деп санайды. Өйткені өңір елдері әлі бір-

бірімен тіл табыса алмай жүр. Мәселен, Қытайда Қазақстанды зерттейтін 50 институт бар екен. Ал біз өзге тұрмақ өз көршілерімізді зерттей алмай отырмыз.

«Қазақстан мен Орталық Азия елдері жаһандық трендтер мен ұлттық стратегиялық міндеттердің тоғысқан кезеңінде тұр. Біздің әріптестігіміз – бұл тек экономикалық байланыстар ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік,

орнықты даму және халықаралық аренадағы тиімді ықпалдастықты талап ететін ортақ жауапкершілік. Бұл үдерістің табысты болуы өңір мемлекеттерінің әлемдік экономиканың өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілетіне және сыртқы серіктестермен ұлттық тәуелсіздікке нұқсан келтірмей теңгерімді қатынастар орната білуіне байланысты», – дейді ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің Саяси ынтымақтастық басқармасының басшысы Алмаша Арнова.

«Әлемдегі геосаяси ахуал аумалы-төкпелі боп тұрғанда Орталық Азияға бірліктен басқа мұрат жоқ деп ойлаймыз. «Орталық Азия мұраты» монографиясы халықаралық қатынастарды тануға арналған. Орталық Азия бірлігін тарихтанушылар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар бастау керек. Жасанды интеллект, цифрландырудың бәрі халықаралық қатынастан айналып өтпейді. Сондықтан бұл еңбектің оқырманы барлық саланың ғалымдары болады деп ойлаймын. Біздің бұл жобаны бастағанымызға 3 жыл болды. Қазір Орталық Азия одағы жоқ. Біз кітапта ол болса деп жаздық. Өйткені Орталық Азия тек өзі бірікпеген. Оны басқалармен қосарлап біріктірген. Мәселен, Түркі мемлекеттері одағына Тәжікстан кірмейді. Еуразиялық экономикалық одаққа Орталық Азиядан 2-3 ғана мемлекет кіреді. Сондықтан Орталық Азиядағы 5 мемлекетті біріктіретін жеке одақ керек. Ол қашан құрылатынына ғалым ретінде болжам айт десеңіз, ол жуық уақытта болмайды. Біріншіден, ол бізге ғана байланысты емес. Екіншіден, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасы әрқилы. Экономикалық одақ болу үшін белгілі бір деңгейде деңгейлес болу керек», – дейді «Халықаралық қатынастар» зерттеу орталығының басшысы Думан Жекенов.

Ерлік ЕРЖАНУЛЫ,
«Заң газеті»

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскеңізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен

шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.


Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум комиссиясы

ҒЫЛЫМ

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭКОЖҮЙЕ САПАЛЫҚ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ӨТЕДІ

Қазақстанда мемлекет қаржысына сатып алынған қымбат ғылыми құрал-жабдықтар мен зертханалар толық қуатында пайдаланылмай отыр. Көп жағдайда олар тек белгілі бір университеттің немесе ғылыми ұйымның қызметкерлеріне ғана қолжетімді. Ал өзге ғылыми-зерттеу институттарының ғалымдары мен дарынды жас зерттеушілер бұл инфрақұрылымды пайдалана алмайды.



Парламент Мәжілісінде мақұлдандырылған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі жаңалықтарының бірі «ұжымдық пайдаланылатын зертханалар» тетігін заңнамалық тұрғыда бекітуге жасалған қадам болып отыр. Жиында жаңа құжатты таныстырған Мәжілістің Әлеуметтік мәдени-даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағанбетовтың айтқанынан мына мәліметтер жайлы хабарлар болды.

Бүгінде елімізде 120 жоғары оқу орны бар. Соның ішінде тек 17 университетте ұжымдық пайдалануға болатын зертханалар бар. Алайда олардың мәртебесі заңмен нақты бекітіліп, бірыңғай ақпараттық жүйеде тіркелмеген. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында заманауи, жоғары технологиялық зертханалар жұмыс істейді. Кейбірі – өңірде ғана емес, бүкіл республикада баламасы жоқ бірегей инфрақұрылым. Алайда мәселе – олардың қолжетімділігінде. Басқа қаладағы немесе басқа ұйымдағы ғалым ол зертхананың қандай құрал-жабдықтары бар, қай уақытта бос екенін, қандай шартпен пайдалануға болатынын біле алмайды. Жаңа заң жобасы осы олқылықты жоюға бағытталған.

Қаралып отырған заң жобасына

сәйкес мемлекет қаржысына алынған барлық ғылыми құрал-жабдықтар ортақ ұлттық ресурс ретінде қарастырылады. Арнайы министрліктің ақпараттық жүйесінде зертханалар туралы толық дерек ашық жарияланады. Ғалымдар онлайн өтініш беріп, зертханаларды пайдалана алады. Бұл – ғылымдағы инфрақұрылымдық теңсіздікті азайтатын қадам. Осы тұрғыда «Қазақстандық ғылыми портал» қалыптастырылуда. Қазіргі таңда оған 525 ғылыми ұйым туралы ақпарат енгізілуде. Жалпы, 26 мыңнан астам ғалым жеке анкеталарын орналастырған. Бұл алаң арқылы республика бойынша қай жерде қандай ғылыми-зерттеу институты бар екенін, қандай құрал-жабдықтар бар екенін, олардың қай салада қолданылып жатқанын көруге болады. Бұл қайталанатын, негізсіз жабдық сатып алуларды азайтуға мүмкіндік береді.

Ұжымдық қолжетімділік бірнеше стратегиялық нәтиже береді. Алдымен қымбат инфрақұрылымның тиімділігі артады. Аймақтар арасындағы ғылыми алшақтық азаяды. Жас ғалымдардың мүмкіндігі кеңейеді. Халықаралық деңгейдегі зерттеулер жүргізу мүмкіндігі ұлғаяды. Қазақстандағы іргелі ғылымның басты мәселелерінің бірі – зертханалық базаның жетіспеушілігі емес, оның қолжетімділігінің шектеулілігі. Жаңа норма осы түйінді шешуге бағытталған.

Заң жобасының тағы бір жаңалығы

қаржыландырудағы жауапкершілікке қатысты. Бүгінгі таңда ғылыми және ғылыми-техникалық жобаларды қаржыландыру туралы түпкілікті шешімді Ұлттық ғылыми кеңестер қабылдайды. Бұл тәжірибе белгілі бір келеңсіздіктерді туындататыны айтылып жүр. Олар сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, бюджет қаражатының тиімділігі үшін жауапкершіліктің айқын болмауы. Заң жобасында бұл түйткілді шешу үшін Ғылым және жоғары білім министрлігіне қосымша құзырет беру ұсынылып отыр. Құжат қабылданса құзырлы орын Ұлттық ғылыми кеңестің ұсынымдары негізінде жобалардың экономикалық негізділігін бағалау әдістемесін бекітетін болады. Бұл шара министрлік өкілдерінің айтуынша, мынандай өлшемдерге негізделмек. Яғни, әрбір шығыс смета бойынша жеке талданады, оның жоба мақсатына сәйкестігі бағаланады, жабдық құны нарықтық бағалармен салыстырылады, коммерциялық ұсыныстар ескеріледі, зерттеу тобының құрамы мен кезеңдік шығындардың негізділігі сарапталынады.

Депутаттар сауалына орай берілген жауаптан ашықтық пен объективтіліктің жаңа тәртібі болатынын білдік. Жаңа ереже әр жобаға салалық және экономикалық сараптама жүргізу, оған қазақстандық және шетелдік сарапшылар тартуы, арнайы әдістеме әзірленіп, Әділет министрлігінде тіркеу, барлық ақпаратты ақпараттық жүйеде жариялау секілді шараларды қамтиды. Яғни, шешімдер субъективті емес, нормативтік бекітілген тәртіп аясында қабылданады. Заң жобасы аясында сонымен қатар республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушылар мен ұлттық құрамалар үшін мемлекеттік университеттердің зертханаларының пайдалану мүмкіндігі де қарастырылыпты. Бұл – талантты жастарды қолдаудың нақты тетігі.

Төктерін айтқанда ұсынылып отырған нормалар үш стратегиялық міндетті шешуге бағытталған. Олар ғылыми инфрақұрылымға тең қолжетімділік, бюджет қаражатының тиімді әрі ашық жұмсалуды, жас ғалымдар мен дарынды оқушыларға мүмкіндік беру. Егер заң толыққанды іске асса, ғылыми жабдықтардың «жабық қойма» форматы жойылып, ұлттық ғылыми экожүйе қалыптасады. Бұл – Қазақстан ғылымының сапалық жаңа кезеңге өтуіне негіз бола алады деген үміт бар.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПІКІР. ҰСЫНЫС. ТАЛҚЫ



КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ МӘРТЕБЕ – СИМВОЛИКАЛЫҚ ЕМЕС, МАЗМҰНДЫҚ ӨЗГЕРІС

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жаңа норма адвокаттың қоғамдағы роліне қалай әсер етеді?

– Конституциялық мәртебе – символикалық емес, мазмұндық өзгеріс. Адвокат енді тек қорғаушы ғана емес, құқықтық мемлекет қағидаларын жүзеге асыратын конституциялық субъект ретінде танылады. Бұл қоғам сенімін арттырып, адвокаттың пікірін кәсіби, институционалдық деңгейге көтереді. Сонымен қатар, азамат пен мемлекет арасындағы тепе-теңдікті нығайтады.

Заң жобасында адвокаттың тәуелсіздігі, адвокаттық құпияның мызғымастығы, адвокатты жауапқа тартудың ерекше тәртібі, кәсіби қызметке араласуға тыйым салу секілді нормалар нақты келіп, бұл тәуелсіздікті шынайы күшейтеді. Тәуелсіздікті күшейтетін ықтимал тетіктер: адвокатқа қатысты тінту, алу, тындау әрекеттерін ерекше рәсіммен шектеу, адвокаттық құпияны абсолюттік қорғау, кәсіби қызметіне кедергі келтірген тұлғалардың жауапкершілігін нақтылау, өзін-өзі басқару органдарының дербестігін арттыру. Мұндай нормалар мемлекеттік органдардың ықпалын азайтып, адвокаттың еркін кәсіби позициясын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

– Ал енді Ата Заңдағы жаңа норма шапағатын қарапайым азаматтар қалай сезінеді?

– Адвокат мәртебесі ескен сайын, азаматтың қорғалу деңгейі де артады. Қысқаша айтқанда, тәуелсіз адвокат – батыл қорғау, қорғалатын адвокат – қорғалған азамат, конституциялық мәртебе – сенімді құқықтық кепілдік. Азамат сотта өзін жалғыз сезінбеуі керек. Адвокаттың институционалдық салмағы артқан сайын, әділ сотқа деген сенім де күшейеді деуге болады.

– Сөз соңында заң саласының өкілі ретінде жаңа Ата Заң жобасын қалай бағалайсыз?

– Адвокат ретінде мен бұл бастаманы құқықтық мемлекетті нығайту мәртебесі нақты кепілдік, тәуелсіздік және кәсіби еркіндікпен бекітілсе, бұл тек адвокаттардың жеңісі емес, әрбір азаматтың жеңісі болмақ. Құқықтық мемлекет адвокатсыз толық болмайды. Ал адвокаттың мәртебесі биік болған жерде азаматтың құқығы да биік тұратынына сенемін.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Жарылыстан зардап шеккендерге көмек көрсетілуде

Щучинск қаласында 26 ақпанда «Центр плова» мекемесінде газ-ауа қоспасының жарылысы болды. Оқиға орнына төтенше жағдай қызметкерлерімен бірге жедел жәрдемнің төрт бригадасы жетті. Зардап шеккендер Бурабай аудандық ауруханасына және Көкшетау қаласындағы көпсалалы облыстық ауруханаға жеткізілді. Ресми мәліметтерге сәйкес, оқиға салдарынан 28 адам зардап шекті.

Бурабай ауданының әкімі Арай Садықов жағдай бақылауға алынғанын және жедел штаб құрылғанын хабарлады. Қаза тапқандардың отбасыларына, олардың ішінде бір көмелетке толмаған бала бар, 2 млн теңге көлемінде біржолғы материалдық көмек төленеді, ал зардап шеккендерге 1 млн теңгеден беріледі. Әкімдік жерлеу рәсімдерін ұйымдастыруды өз мойнына алып, қаралы шараларға қатысу үшін келетін туыстарына қолдау көрсетуде.

А.ТОҚАНОВ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

Жаркент мешіті мен Вознесенск шіркеуі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра нысандарының тізіміне ұсынылды

Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өткен бесінші отырысында берген тапсырмасын орындау аясында Жаркент мешіті және Вознесенск шіркеуі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра нысандарының алдын ала тізіміне енгізілді (Tentative List). Бұл туралы «Facebook» әлеуметтік желі парақшасында Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин хабарлады.

– Жаркент мешіті XIX ғасыр соңындағы діни сәулет өнерінің бірегей ескерткіші саналады. Сонымен қатар, оны ислам сәулет дәстүрі мен Шығыс Азия құрылыс өнері синтезінің жарқын мысалы деуге болады.

Инженерлік және көркемдік әдіс-тәсілдерімен танымал болған Вознесенск шіркеуі – XX ғасырдың басындағы православ ағаш сәулет өнерінің озық үлгісі. Бұл нысандардың тізімге бірге ұсынылуы Қазақстанда мәдени әралуандықтың бар екенін аңғартады. Сондай-ақ, Орталық Азия аймағында ислам және христиан дәстүрлерінің үйлесімді түрде қатар дамығанын, бір-біріне ықпал етудің тарихи тәжірибесі қалыптасқанын көрсетеді. Мешіт пен шіркеудің алдын ала тізімге енгізілуі – Қазақстанның мәдени мұраларын сақтау және оларды дәріптеу ісінің маңызды кезеңі. Бұл қадам ЮНЕСКО-ның рәсімдері мен талаптарына сәйкес номинация құжаттарын әзірлеуге негіз болады, – дейді Ерлан Қарин.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ПЕДАГОГ

МҰҒАЛІМНІҢ ОРНЫ – ТӨР

Оқушының мұғалімге құрметсіздік танытуы қоғамда жиі талқыланатын мәселеге айналды. Мұндай жағдайда қандай жауапкершілік қарастырылғаны және педагогтың құқығы қалай қорғалатыны заңмен нақты бекітілген.



Заңға сәйкес педагогты өз міндетіне қатысы жоқ жұмысқа тартуға, артық есеп талап етуге, заңсыз тексеріс жүргізуге және тауар не қызмет сатып алуға мәжбүрлеуге, ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуге болмайды. Бұл әрекеттер үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік көзделген. Оқушы мұғалімге құрметсіздік танытқан жағдайда оның ата-анасына 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады (409 б., 7-7 бөлігі). Ал егер әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанатын болса, ата-анаға 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

Министрлік «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заңның 4-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында педагогтың ерекше мәртебесі танылатынын, бұл оның кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін жағдайды қамтамасыз ететінін атап өтті. Осы заңның 7-бабында педагогтың кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары туралы нормалар айқын көрсетілген. Сонымен қатар, осы заңның 8, 9 және 12-баптарында педагогтардың материалдық қамтамасыз етілуіне құқықтары, көтермелену құқықтары, сондай-ақ педагогтарға берілетін әлеуметтік кепілдіктерге қатысты нормалар нақты айқындалған.

Оқу-ағарту министрлігі «Педагог мәртебесі туралы» заңның 13-бабының 1-тармағына сәйкес орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен педагогқа бір оқу жылы кезеңіне тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагог бекітіліп берілетінін хабарлады. Осыған орай орта білім беру ұйымында кәсіптік қызметін алғаш бастаған педагогтар қауымына тұрғылықты жеріне қарамастан (қала, ауыл деп бөлінбейді) сол ұйымның тәжірибелі педагогтары арасынан тәлімгер тағайындалады және сол жас мұғалімнің әрі қарайғы қызметіне бағыт-бағдар көрсетеді.

Тәлімгерлікті жүзеге асырғаны үшін педагогқа Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді. Тәлімгерлікті ұйымдастыру тәртібін және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтарға қойылатын талаптарды білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

АЗАМАТТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ –
ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТЕТІГІ

Азаматтық қоғам – билік пен басқару институттарынан тәуелсіз, азаматтардың өзара байланысы мен өз құқықтарын қорғауға бағытталған әлеуметтік институттар мен топтар жүйесі. Олардың іс-қимылы өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге, қоғамдық бақылауды күшейтуге, азаматтардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан азаматтық қоғамды дамыту – тұрақты демократиялық даму мен әлеуметтік консенсус негізі.

Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту мәселесі соңғы жылдары мемлекеттік саясаттың өзекті бағытына айналды. Бұл үдеріс тек үкіметтік емес ұйымдарды қолдаумен шектелмей, мемлекет пен қоғам арасындағы диалог мәдениетін қалыптастыру, шешім қабылдау процесіне азаматтардың қатысуын кеңейту және ұлттық басымдықтарды қоғамдық сұраныспен үйлестіруді көздейді. Қоғам мен билік арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту Президенттің ұлттық басымдықтарында айқын көрінеді.

Қазақстанда 20 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым тіркелген, олардың бірнеше мыңы нақты әлеуметтік жобаларды іске асырып келеді. Мемлекеттік гранттар мен әлеуметтік тапсырыстар арқылы азаматтық бастамаларды қаржыландыру көлемі жыл сайын артып отыр. Сарапшылардың пікірінше, бұл қадамдар азаматтық сектордың институционалдық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталғанымен, сапалық өсім мен тәуелсіздік мәселесі әлі де күн тәртібінде.

2022 жылы құрылған Ұлттық құрылтай қоғамдық диалогтың тиімді форматына айналды. Құрылтай отырыстары Ұлытау, Түркістан, Атырау секілді өңірлерде өтті. Құрылтайда көтерілген бірқатар ұсыныстар кейін сая-

си партияларды тіркеу талаптарының жеңілдетілуі, аралас сайлау жүйесіне көшу, конституциялық реформалар пакеті секілді бірқатар заңнамалық өзгерістерге негіз болды. Саясаттанушылар бұл форматты «қоғамдық ұсыныстарды институционализациялау алаңы» деп бағалайды. Дегенмен, кейбір сарапшылар ұсынымдардың барлығы бірдей орындалмайтынын, олардың іске асу мониторингі күшейтілуі тиіс екенін айтады.

Жыл сайын өтетін Азаматтық форумдар азаматтық сектор мен билік арасындағы диалог алаңы ретінде қалыптасты. Соңғы форумдарға жүздеген делегат қатысып, әлеуметтік саясат, инклюзия, экология, жастар саясаты бойынша ұсыныстарын білдірді. Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева бұл жөнінде мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы серіктестік моделін «көпжақты диалог» дейді. Оның айтуынша, азаматтық бастамаларды мемлекеттік саясатқа енгізу үшін тұрақты кері байланыс тетіктері маңызды. Соңғы жылдары қоғамдық белсенділікті арттыру мақсатында бірқатар әлеуметтік бастамалар қолға алынды. Соның ішінде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған Таза Kazakhstan акциясы азаматтардың ортақ құндылықтар төңірегінде бірігуінің мысалы ретінде бағаланып отыр.



Сарапшылар мұндай бастамалар азаматтық жауапкершілік мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететінін айтады. Алайда азаматтық қоғам тек акциялармен емес, шешім қабылдау процесіне нақты қатысумен өлшенуі тиіс деген пікір де бар. Сонымен қатар, олар азаматтық сектордың дербестігін күшейту, мемлекеттік органдардың ашықтығын арттыру және қоғамдық бақылаудың нақты нәтижесін қамтамасыз ету қажеттігін де ескертеді.

Азаматтық акциялар заңнамалық

өзгерістермен бекітілгенде ғана ұзақ мерзімді нәтиже беретіні белгілі. Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту тақырыбы соңғы жылдары тек қоғамдық дискурс деңгейінде емес, нақты заңнамалық өзгерістер аясында қарала бастады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған саяси реформалар пакеті мен «Әділетті Қазақстан» бағыты Парламент қабырғасында бірнеше рет талқыланып, бірқа-

институционализациялау» деп бағалайды. Парламент қабырғасында өткен талқылауларда партияларды тіркеу талаптарын жеңілдету, Конституциялық сот құру, адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын күшейту секілді бастамалар кеңінен қаралды. Бұл өзгерістер азаматтық қоғамның құқықтық кеңістігін кеңейтті. Қоғамдық кеңестер туралы заң аясында мемлекеттік органдар жанындағы кеңестердің құзыреті нақтыланды. Парламентте заңға енгізілген түзетулер қоғамдық кеңестердің өкілеттігін кеңейтуге, олардың шешімдерін қарау тәртібін нақтылауға бағытталды.

Депутаттардың айтуынша, кейбір өңірлерде қоғамдық кеңестер бюджет жобаларына өзгеріс енгізуге ұсыныс беріп, әлеуметтік нысандарды қаржыландыру мәселесіне ықпал еткен.

Мәжілісте өткен тыңдауларда ҰЕҰ өкілдері грант конкурстарының ашықтығын арттыру, есеп беру рәсімдерін жеңілдету мәселесі жиі көтеріледі. Соның нәтижесінде нормативтік актілерге түзетулер енгізілді. Сарапшылар Парламенттің ашық форматтағы отырыстары мен онлайн-трансляциялар азаматтардың қызығушылығын арттырғанын атап өтеді.

Азаматтық қоғамды дамыту – ұзақ мерзімді институционалдық процесс. Қазақстанда бұл бағытта құқықтық база қалыптасты, диалог алаңдары құрылды, қаржылық қолдау жүйесі жолға қойылды. Президент бастамалары ұлттық басым бағыттарды айқындауда қоғамдық пікірді ескеруге мүмкіндік беретін механизмдерді енгізді. Десе де сарапшылар қоғамдық ұсыныстардың орындалуын бақылау механизмі әлсіз, кейбір талқылаулар формалды сипатта өтетінін, заң жобаларын әзірлеуде тәуелсіз сараптама нын үлесі жеткіліксіз екеніне назар аудартады.

Азаматтық қоғамның шынайы дамуы – мемлекет пен қоғам арасындағы сенім деңгейімен өлшенеді. Бұл сенім тұрақты диалог пен нақты орындалатын шешімдер арқылы нығаятыны естен шықпаса екен.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

Көктем келгенде табиғат жанданып, қар еріп, өзендердегі су деңгейі көтеріле бастайды. Бұл кезең – өсем көріністермен қатар, су тасқыны қаупі артаатын уақыт. Сондықтан өңірлердің көктемгі кезеңге дайындығы ерекше бақылауға алынады.



Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев жұмыс сапары барысында Қарағанды облысының көктемгі су тасқыны кезеңіне дайындығын тексерді. Вице-премьер су басу қаупі бар деп Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет және Абай аудандарындағы негізгі гидротехникалық құрылыстар мен елді мекендердің жағдайын бағалады. Нұра өзенінің арнасы бойындағы Көпекті, Байқадам, Петровка, Сарытөбе, Ботақара, Шешенқара ауылдар да қаралды. Сонымен қатар «Байқадам» және «Миньковская» су бөгеттері мен Ащысу су қоймасы тексерілді. Шеру-

ҚАТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ
ҚАУІПТІ АЗАЙТАДЫ

бай-Нұра өзені бойында Қарашоқы, Бесоба, Ақсу-Аюлы, Қайрақты, Нұраталды, Ақсу және Шопа елді мекендерінің жай-күйі қаралды. Красная Поляна ауылындағы қорғаныс бөгеттері де назардан тыс қалған жоқ. Абай ауданында Южный, Құлаайғыр және Тасзаемка ауылдары қаралды. Сондай-ақ «Шербай-Нұра», «Жартас» су қоймалары мен Самарканд су қоймасы гидроторабы зерделенді. Чкалов ауылындағы қорғаныс бөгеттерінің жағдайы да тексерілді. Қарағанды облысы әкімдігінің мәліметінше, негізгі су тасқынына қарсы іс-шаралар аяқталған.

Қазіргі уақытта жұмыстар Теміртау қаласында жалғасуда. Өңірде 25 шақырым қорғаныс дамбалары мен бөгеттер салынды және нығайтылды, 28 шақырымнан астам өзен арнасына санация жүргізілді, 21 шақырым дренаж және су бұру жүйесі газартылды. Сонымен бірге 54 автожол учаскесінде су өткізу қабілеті арттырылып, 4 гидротехникалық нысан жөндеді. Шамамен 1 млн 200 мың текше метр қар шығарылған. Қауіпті аймақтар ерекше бақылауда.

Облыстың 7 ауданында және 4 қа-

ласында су басу қаупі бар 139 елді мекен мен автомобиль және теміржолдардың 130 қауіпті учаскесі бақылауға алынған. 217 су шаруашылығы нысаны тұрақты мониторингте тұр. Қазіргі уақытта өңірдегі су тасқыны жағдайы тұрақты, негізгі су қоймалары штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Самарканд және Ынтымақ су қоймаларынан санитарлық су жіберу жүргізілуде. «Көктем-2026» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуы басталды. ТЖМ аумақтық деңгейдегі хабарландыру жүйесінің дайындығын тексерді.

1 наурыздан бастап төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында азаматтық қорғаудың аумақтық кіші жүйесінің барлық күштері мен құралдары жоғары дайындық режиміне көшіріледі. Алдын алу шараларына 3 579 адам мен 1 047 техника бірлігі жұмылдырылған. Көктемгі кезең – табиғатпен қатар, жауапты қызметкерлердің де сыналар шағы. Алдын алу шаралары жүйелі атқарылған жағдайда ғана қауіптің салдары азаяды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ТАЛҚЫ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРГЕ ЖОЛ АШАТЫН ҚҰЖАТ

Шымкент қаласында жаңа Конституцияның мазмұнын түсіндіруге бағытталған кездесулер жалғасуда. Осындай жиындардың бірі алюминий банкілері мен қақпақтарын өндіретін QazalPack ЖШС базасында өтті.

Бүгінде аталған кәсіпорында 500-ден астам қызметкер еңбек етеді. Кездесу барысында ұжымға жанартылған Ата Заңның негізгі қағидағдары кеңінен таныстырылып, ұсынылып отырған өзгерістердің мәні мен маңызы түсіндірілді. Мамандардың айтуынша, бұл құжат елдің алдағы даму бағытын айқындайтын стратегиялық негіз болмақ.

Жиынға шақырылған заңгер сарапшы Қуаныш Серікбай сөз сөйлеп, жаңа құқықтық тетіктерді енгізу уақыт талабын туындап отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, 1995 жылы қабылданған Конституция өз кезеңінде тарихи миссиясын абыроймен атқарды. Алайда бүгінгі қоғам сұранысы

мен елдің даму қарқыны құқықтық жүйені одан әрі жетілдіруді қажет етеді.

– Жаңа Конституция азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған. Онда халық үшін маңызды бірқатар жаңашыл нормалар көзделген. Мәселен, 14-баптың 1-тармағына сәйкес шетелде жүрген Қазақстан азаматының қауіпсіздігін мемлекет қамтамасыз етеді. Басты мақсатымыз – әр азаматтың өзгерістерден толық хабардар болуы, – деді Қуаныш Серікбай.

Спикердің айтуынша, жаңа редакцияда әрбір қазақстандықтың құқығы мен заңды мүддесін қорғауға бағытталған әлеуметтік және құқықтық кепілдіктер күшейтілген. Сонымен қатар, түпкілікті шешім халықтың тікелей ерік білдіруі арқылы қабылданатыны атап өтілді.

Р.НАРБЕК
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КИЕ

Қазіргі таңда мемлекеттік тіл тақырыбы қоғамда жиі айтылып, көп талқыланатын мәселелердің біріне айналды. Себебі тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – халықтың жаны, рухы, болмысы. Мен жас маман ретінде мемлекеттік тілдің бүгінгі жағдайына және оның болашағына өз көзқарасымды білдіргім келеді.

БОЛАШАҚТЫҢ ТІЛІ



Мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Бұл заңмен бекітілген, сондықтан тек қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Тіл күнделікті өмірде, жұмыста, қоғамда қолданылған кезде ғана шынайы өмір сүре алады. «Мемлекеттік тіл – болашақтың тілі» деген тақырып тек ұран емес, нақты әрекетті талап ететін маңызды ой деп есептеймін.

Болашақ – жастардың қолында. Ал жастардың тілді қалай қолданатыны – ертеңгі күннің көрінісі. Қазіргі жастардың арасында қазақ тілін жақсы білетін, таза сөйлейтін, оны мақтаныш көретін азаматтар көп. Бұл – қуантады. Сонымен қатар, кейде жастардың өз тілінде сөйлеуге қысылатын жағдайлары да кездеседі. Әсіресе қалада, жұмыс орнында немесе аралас ортада қазақ тілін қолданбау қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай әсер қалдырады. Менің ойымша, бұл – тілдің емес, адамның ішкі сенімінің мәселесі.

Жас маман ретінде мен қазақ тілін білу – артықшылық деп санаймын. Себебі мемлекеттік тілде сөйлей алатын адам қоғамда өзін еркін сезінеді, өз елінің азаматы екенін мақтанышпен көрсетеді. Қазіргі таңда көптеген мекемелерде құжаттар қазақ тілінде жүргізіле бастады. Бұл – үлкен алға жылжу. Дегенмен, кей жерлерде қа-

зақ тілін тек міндет үшін ғана қолдану байқалады. Кейде адамдар «менің бір өзім сөйлегенімнен не өзгереді?» деп ойлайды. Бірақ шын мәнінде, өзгеріс дәл сол бір адамнан басталады. Бір адам қазақша сөйлесе, екіншісі жауап береді, осылайша тілге деген сенім күшейе түседі. Мемлекеттік тілдің болашағы осындай қарапайым әрекеттер арқылы қалыптасады деп ойлаймын.

Қазіргі заман – технология мен ақпарат заманы. Егер тіл осы кеңістікте қолданылмаса, ол артта қалып қоюы мүмкін. Қуантағыны – бүгінгі таңда қазақ тілі интернетте, әлеуметтік желілерде, түрлі платформаларда жиі қолданыла бастады. Жастар қазақ тілінде блог жүргізіп, пікір жазып, өз ойын еркін жеткізе бастады. Бұл – тілдің заманға бейімделіп келе жатқанын көрсетеді. Мемлекеттік тіл тек ресми құжаттар тілі емес, заманауи, икемді, өміршен тілге айналуы қажет. Жас мамандар – қоғамның қозғалушы күші. Ертеңгі күні мемлекеттік мекемелерде, білім беру, медицина, құқық қорғау салаларында жұмыс істейтіндер де – бүгінгі жастар. Сондықтан мемлекеттік тілдің болашағы бізге тікелей байланысты.

Әсел БАЙПАКОВА,
Ақтөбе қаласы
№3 сотының жетекші маманы

ТҰЛҒА

АРМАНЫ АСҚАҚ АДАМНЫҢ МАҚСАТЫ БИІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Алайда аты Моряк болғанмен, ірі денелі, нықты жігітті «мына денемнен су асты қайығының да, жер үсті қайығының кішкене есіктеріне сыймайсың» деп теңіз флотына алмай қойған екен. Әскери борышын өтеп қайтқан Моряк Смағұлұлы бала кезінен арманы болған заңгерлік мамандықты таңдап, Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, оны 1982 жылы ойдағыдай бітіріп шығады.

1982 жылдан Жезқазған облыстық кәсіподақ кеңесінің мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру бөлімінің нұсқаушысы, 1983 жылдан Жезқазған көлік прокуратурасында сынақ мерзімінен өтуші, прокурордың көмекшісі қызметтерін атқарған Моряк Смағұлұлының өмір жолында 1989 жылы үлкен өзгеріс орын алды.

Сол 1989 жылдан бастап судьялық қызметке бет бұрып, Жезқазған қалалық сотының судьясы болып сайланады. Жолы болған Мәкен аудандық соттың судьясы қызметінен бастап, Жезқазған облыстық сотының судьясы, Қарағанды облыстық сотының алқа төрағасы қызметтерін абыроймен атқарады. Төрелік ете жүріп судьялық қызметтің қыр-сырын жете меңгереді. Жезқазған, кейін Қарағанды облыстық соттарында өзін білікті судья, іскер басшы ретінде көрсетіп, облыс судьяларының құрметіне бөленеді.

Моряк Смағұлұлының біліктілігін, іскерлігін байқаған Жоғарғы Соттың сол кездегі басшысы Қайрат Мәми Жоғарғы Соттың судьясы қызметіне ұсынады. Еңбегінің ескерілгеніне риза болған әріптесіміз әлі күнге дейін: «Қайрат Әбдіразақұлындай кара қылды қарған әділ адамның кездесуі – өмірлік бағдарымның орындалуына,

жолымның ашылуына себеп болды» деп зор толқыныспен айтып отырады.

Шындығында, өмірде сен жалғыз өзің ешкім емессің. Сені көтеретін де, түсіретін де – ортан. Сенің жақсы қасиеттерің мен іскерлігіңді бағалай білетін басшың болса, онда сенің жолың болып, бағыңның ашылғаны. Қайрат Әбдіразақұлы Моряк Смағұлұлына сондай басшы болды.

2009 жылдың қыркүйек айынан бастап Моряк Смағұлұлы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне кіріседі. Өмірлік және азаматтық позициясы бар азамат қандай жерде жұмыс істесе де, шетте қалмайтыны белгілі. Оның үстіне өзі жүрек қалауымен келген орта болған соң әріптесіміз Жоғарғы Сотта белсенді еңбек етіп, бел шешіп жұмысқа беріле кірісті. Ол тек судьялық қызметті ғана алып жүрмеді, Жоғарғы Сот-



Моряк Смағұлұлының сот жүйесіне, оның ішінде сот жюриін қалыптастыруға сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Адал еңбек, маңдай тердің арқасында «Құрмет» орденінің, кавалері, Қазақстанның Құрметті судьясы, Қарағанды облысы Шет ауданының Құрметті азаматы, бірнеше мерекелік, ведомствалық, медальдардың, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісінің иесі атанды.

тағы қоғамдық жұмыстарға да білек түре араласты.

Жақында интернетті ашып, Мәкен жайлы мағлұмат іздедім. Интернетте Моряк Смағұлұлы сот жюриінің негізін қалаушы деп жазыпты. Иә, дұрысы солай. Моряк Смағұлұлы Жоғарғы Сотта сот жюриін құрып, қалыптастырудың басында тұрды. Оның іскерлігін,

жұмыс істей білу қабілетін байқаған сол жылдары Жоғарғы Соттың төрағасы болған Бектас Бекназаров 2012 жылы Сот жюриінің төрағалығын оған сеніп тапсырды.

Сот жүйесі судьялардан тұрады ғой. Судьяның мәртебесі де, заң алдындағы, қоғам алдындағы жауапкершілігі де өте жоғары. Дегенмен судьялар да адам

баласы болған соң, қателеспейтін кезі болмайды. Әрекетінде тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіз болса, судья өз әріптестерінің алдында жауап береді. 2012 жылдан жұмыс істей бастаған сот жюриі судьяларды тәртіптік жауапқа тартып қана қоймай олардың құқықтарын қорғайтын, тәртіп бұзушылықтың алдын алатын тетікке айналды.

Сот жюриі жұмысының ашық та әділетті болуына алғашқы құрылған күннен бастап Сот жюриінің төрағасы болған Моряк Смағұлұлының қосқан үлесінің зор екенін айтуымыз керек. Әріптесіміздің пікірінше, «Сот жюриі – басшының судьяларды жазалайтын қолшоқпарына айналмауы керек». Сот жюриінің жұмысы заңдылық, негізділік, қажеттілік, жазасыз қалмаушылық қағидаттарына негізделген. Жюри мүшелері осы қағидаттарды қатаң сақтауы керек.

Құрметті отставкаға шыққанша Сот жюриінің төрағасы болып қызмет еткен Моряк Смағұлұлы өзі де осы қағидаттарды қатаң сақтады. Жазықсыз судьяның көз жасына қалмады. Судьялардың үстінен қараған әділетті судья болды. Сол үшін де қазір республикамыздың кез келген жерінде жұмыс істеп жүрген судьялар да, отставкадағы судьялар да Моряк Смағұлұлының құрмет тұтады, сыйлайды.

Моряк Смағұлұлы судьялардың тәртіптік жауапкершілігі, Сот жюриі тақырыптарына байланысты республикалық, халықаралық семинарларда сөз сөйлеп, ойлы пікірлер айтып, тиімді ұсыныстар жасады. Республикалық баспасөз беттерінде «Қазақстан Республикасы қылмыстық саясатының гуманизациясы», «Алқа билер институтын ендірудің заңнамалық негізі» атты және сот жүйесінің дамуына арналған басқа да мақалалары мен сұхбаттары қазақ және орыс тілдерінде жарияланып тұрды.

Моряк Смағұлұлы Жоғарғы Соттың ең белсенді, жаңашыл судьясы болды. Әрі осы жылдары Қазақстанның сот жүйесінде өзіндік орны бар, сирек талант иесі, майталман заңгер, ірі тұлға болып қалыптасқанын көрсетті.

Моряк Смағұлұлының сот жүйесіне, оның ішінде сот жюриін қалыптастыруға сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Адал еңбек, маңдай тердің арқасында «Құрмет» орденінің кавалері, Қазақстанның Құрметті судьясы, Қарағанды облысы Шет ауданының Құрметті азаматы, бірнеше мерекелік, ведомствалық медальдардың, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының «Үш би» құрмет белгісінің иесі атанды.

Бүгіндері 70 жасты еңсеріп отырған құрметті отставкадағы Жоғарғы Соттың судьясы Моряк Смағұлұлы өзінің сүйікті жары Розамен бірге ұлы Ерлан мен қызы Ләйләнің, немерелері мен жиендерінің ортасында бақытты ғұмыр кешіп жатыр. Ұлы Ерлан әкесінің жолын қуып, өз тағдырын судьялық қызметпен байланыстырды. Қазір Қарағанды облыстық сотының судьясы.

Ізнен ергендерге үлгі көрсетіп, адал судья, арда азамат атанған әріптесіміздің әділ жолын жалғастыра ұрпағы аман болғай! Мерейтой құтты болсын, Моряк Смағұлұлы!

Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ,
Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы

ФОРУМ

Оралда «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында әлеуметтік әріптестік саласындағы ынтымақтастық форумы ұйымдастырылды. Іс-шара өңірдегі еңбек қатынастарын тұрақтандыру және еңбек дауларының алдын алу мәселелеріне арналды.

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ



Форумға облыс прокуроры Нұрбек Ұласбекұлы, облыс әкімінің орынбасары Қайыржан Мәңдіғалиев, «КПО Б.В.» компаниясының бас директоры Марко Марсили, Бөрлі ауданының әкімі Еркебұлан Ихсанов және бизнес-қоғамдастық өкілдері қатысты.

Форумда еңбек қатынастары саласындағы ахуал кеңінен талқыланып, еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, жұмысшылардың құқығын қорғау және әлеуметтік жауапкершілікті арттыру бағытындағы нақты іс-шаралар туралы баяндалды.

Облыс әкімінің орынбасары өңірде еңбек қауіпсіздігін қамтуға бағытталған жұмыстарға тоқталды. Бүгінде аймақтағы 183 кәсіпорын халықаралық стандарттарын енгізіп, «Vision Zero» тұжырымдамасы мен «Халықтық бақылау» жобалары қарқынды жүзеге асырылуда. Еңбек нарығын цифрландыру бойынша электрондық еңбек шарттарын есепке алу жоспары 94%-ға орындалған. Былтыр облыс бойынша еңбек заңнамасына қатысты 203 өтініш тіркеліп, тиісті тексерулер нәтижесінде анықталған кемшіліктер бойынша нұсқамалар берілді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ҚЫЗДЫ ҚЫМТАП ҰСТАҒАН ҰЯЛМАЙДЫ

Қазақ қашаннан отбасы құндылығына, ұрпақ тағылымына өрекше қамқор беріп, ұлттың ертеңің ұл мен қызының тәрбиесімен өлшенген. Әсіресе қызына жастайынан қамқор болып, қабағына мұң ұялатпай, көңіліне кірбің түсірмей өсіруге күш салған. Себебі халық «Қыз тәрбиеленгенің – ұлтты тәрбиеленгенің» деп түсінген.

Шынында бүгінгі бойжеткен – ертеңгі ана. Яғни, келер ұрпақтың кемел болуы ананың біліміне, мәдениеті мен ұстанымына тікелей байланысты. Сондықтан қызды тәрбиелеуде ұлттық тәрбие негіздерін назарда ұстау, басты бағдар ету маңызды. Әрі қыз баланың бойы мен ойының қатар дамып, жақсы мен жаманды ажыратуға қабілетті болып өсуіне ата-анасы мен мектеп қатар жауапты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт – қыздарға берілетін тәлім-тәрбие арқылы өлшенеді. Біздің халқымызда «Қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, сұлулықтың символы ретінде қолданылады. «Қызды қымтап ұстаған ұялмайды», «Қызға қырық үйден тыйым» дегенді бабаларымыз тегін айтпаған. Бойжеткенге төрден орын беріп, қабағына кірбің түсірмей бұландатып еркін өсірген бабаларымыздың керек кезде тек деп, теріс әрекеттерден орынды шектеп отырғанына тарих куә. Дегенмен, қазіргі кезде сол бабалар дәстүрін ұмытып, отбасылық құндылықтардан алыстап бара жатқанымыз жасырын емес. Мұны заманның ағымы, нарықтың талабы деп ақталғанымызбен, көз алдымызда сүйікті болып өскен қыздардың қателесіп түзу жолдан жаңылуы ата-анасы үшін де, мектеп ұжымы үшін де үлкен мәселе. Бұл «Қамысты бос ұтасаң қол кесетіні» сияқты, қызды да қадағалап отырмасаң бетімен кететінін дәлелдейді.

Міне осыған орай мектепте қыздардың терең білім алуымен қатар, бос уақытын тиімді өткізуіне мән беріледі. Мектеп психологтары сабақтан жиі қалатын, мұғалім-

дермен, оқушылармен тіл табыса алмай сөзге келетін, өз қатарластарына қосылмай оңаша жүруді қалайтын қыздармен жеке сөйлесіп, ата-анасымен байланыс орнатуға, қандай да бір мәселе туындаса бірігіп шешуге тырысады. Себебі қыз баланың ортасынан бөлініп, оғаш қылықтар көрсетуінің өзі тәрбиесіндегі олқылықтан хабар береді. Өкінішке қарай қазіргі ата-аналардың көбі баланың материалдық жақтан қамтылуына, киімін бүтіндеп, сұрағандарын алып беруге басымдық береді. Қызына қымбат ұялы телефон әперген ата-ана сол телефонды ара-тұра тексеріп, баласының кіммен сөйлесіп, қандай контенттер көретініне бас ауыртпайды. Бүгінгі балаларды ата-ана емес, шын мәнінде интернет пен смартфондар тәрбиелеп жатыр.

Ата-анасына сенетін, ойларын ашық айтатын қыздар қатарластарымен де тез тіл табысады. Ал кейбір қыздар бар қызықты

телефоннан іздейді, сыныптастарынан сырт жүреді. Басына қиындық түскенде мұндай қыздардың ішіндегісін бөлісетін адам таппай, баз кешетіні, оқыс әрекеттерге баратыны да сондықтан.

Осындай олқылықтардың алдын алу үшін мектепте түрлі сайыстар, командалық жарыстар, білім, өнер, спорт байқаулары тұрақты ұйымдастырылып тұрады. Бұл балаларды бір-біріне жақындатады, сыныпта командалық рух қалыптастырады. Әсіресе, өтпелі кезеңдегі бозбалалар мен бойжеткендерге мұндай шаралардың берері мол.

Сондай-ақ қыз тәрбиелеп отырған аналармен де тығыз байланыс орнатып, ана мен қыздар бірге қатысатын диспут, кеш, сайыстарды өткізу жақсы дәстүрге айналған. Қыз отбасында анаға қарап бой түзейді, үлгі алады. Оны болашақ өмірге дайындайтын да сол анасы. Қанша жұмысбасты болса да аналардың қызына көңіл бөліп, басты сырласына айналуы көптеген түйткілдердің алдын алуға көмектесетінін ұмытпауымыз керек. Ал мектеп қыздарға сапалы білім беріп, үлкен өмірге дайындаумен бірге, отбасындағы тәрбиеде қателіктің кетпеуіне үнемі көңіл бөліп отырады.

Анар СЕМБАЕВА,
Жамбыл ауданы
Көкқайнар орта мектебінің мұғалімі
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ



ҚАРЖЫ СЕКТОРЫН ДАМУ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

ТЕҢГЕРІМ мен ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Қазір әлемдік қаржы жүйесі жаңа сынақ кезеңіне қадам басты. Әлем елдерінің қорталық банкі экономика мен саяси жағдайдағы құбылмалы ахуалға сай ақша-несие саясатын қайта қарауға кірісті. Бұл үдерістен біз де шет қалған жоқпыз. Елде инфляцияны тежеу бағытында жүйелі шаралар қабылданып, нарықтық тетіктерді сақтай отырып, баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге басымдық беріледі. Биыл 1 мамырға дейін елімізде халықтың табысын арттырудың 2026–2029 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту жоспарланып отыр.

Бұл жолы да инфляциямен күрес бұрынғыдай Ұлттық банктің қатаң ақша-кредит саясаты мен Үкіметтің фискалдық шараларының үйлесіміне негізделген. 2026 жылдың тәуекелдері салмақты. Елдің бұл кезеңнен қаншалықты тұрақты өтетіні таяу айларда белгілі болады. Билік қатаң монетарлық саясат пен әкімшілік шектеулердің үйлесімі бағаның өсуін баяулатуға мүмкіндік береді деп есептейді. Ал сарапшылар ақша-кредит саясатын қатаңдатудың әсері уақытша құбылыс екенін айтады.

Еліміз 10 жылдан бері инфляциялық таргеттеу режимінде өмір сүріп келеді. Бірақ осы уақыт ішінде инфляция Ұлттық банктің мақсатты бағамына әлі жақындаған жоқ. Таргеттеу саясатына сәл ғана өзгерістер енгізудің өзі тәуекел екенін сеземіз. Себебі біздің жағдайымызда теңгенің, бағаның жағдайын экономикалық ресурстар емес, ішкі және сыртқы факторлардың беталысы анықтайды. Өздерін реформаға жауаптымыз деп санайтындар үйреніп қалған бағытқа өзгерістер енгізудің тәуекелінен қорқады. Nalyk Finance сарапшылары инфляциялық таргеттеу режимі 2015 жылы теңгенің белгіленген бағамынан бас тартқаннан кейін енгізілгенін айтады. Ұлттық банк құбылмалы бағамға көшті және базалық мөлшерлемені бағаның өсуімен күресетін басты құрал етті. Реттеуші инфляция бойынша мақсаттарды жариялап, бағалық қысымға жауап ретінде мөлшерлемені түзетті. «Алайда 2015–2025 жылдар аралығында инфляция жоғары және тұрақсыз болып қалды. Базалық мөлшерлемені көтеруге қарамастан Ұлттық банк мақсатты деңгейге жете алмады. Халық пен бизнестің инфляциялық күтулері төмен деңгейде орныға қойған жоқ», – дейді сарапшылар.



Инфляцияның осы жылдың соңына қарай бір мәнді деңгейге дейін төмендейтіні әзірге белгісіз. Экономистердің болжамына, бағаның өсуі шынымен де баяулайды, бірақ жылдам нәтижеге сенудің қажеті жоқ. Ұлттық банктің қатаң саясаты баға өсімін баяулатуға жағдай жасайды. Бірақ импорттық тәуелділікті, тарифтік қысым мен фискалдык тәуекелдерді төмендетпей, инфляцияны бір мәнді деңгейге тез қайтару қиын болады. Бұл міндет

бір жылдың емес, бірнеше жылдың мәселесі болып қалуы мүмкін.

Үкіметтің кейінгі жарты жылдағы саясаты осы бағытқа ден қойылғанын көріп жүрміз. Ұлттық банк қаңтар айында базалық мөлшерлемені жылдық 18% деңгейінде сақтап қалды және осы жылдың бірінші жартыжылдығында ақша-кредит саясатын жұмсартуы мүмкін екенін жасырған жоқ. Ұлттық банк өткен жылдың қорытындысы бойынша инфляция реттелуінің болжамына сәйкес келетінін айта да инфляциялық тәуекелдер жоғары күйінде қалып отыр. Былтыр жылдың аяғында инфляция біршама баяулады. Соған қарамастан сарапшылар тұрақты деzinфляциялық тренд әлі қалыптаспағанын алға тартады. «Финам» инвестициялық компаниясының макроэкономикалық талдау бөлімінің басшысы Ольга Беленькаяның айтуынша, кейінгі айларда елдегі инфляция қатаң ақша-кредит саясатымен, теңгенің нығаюымен әрі Үкіметтің бағаны ұстап тұру жөніндегі уақытша шараларымен баяулады. «Жылдың алғашқы тоқсанында инфляция өседі. Жыл соңына қарай біртіндеп 10-11%-ға дейін баяулайды», – дейді сарапшы. Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы талдаушыларының пікірі де осымен үндес. Олардың сөзінше, инфляцияға қарсы қысым, соның ішінде импортқа тәуелділік пен әлсіз бәсекелестік нарықтағы жағдайға кері әсер етеді. Ел экономикасы бойынша болжамдар оң, бірақ инфляциялық тәуекелдер бар.

Қаржыгер Әнуар Үшбаевтің айтуынша, Ұлттық банк тандау алдында тұр. Үш жыл ішінде инфляцияны төмендету үшін сарапшылар қатаң монетарлық саясатты фискалдык шаралармен үйлестіруді ұсынады. Олар мемлекеттік шығыстарды қысқарту керектігін айтып жатыр. Бюджетті теңгерімдеу мен импортты алмастыру үшін отандық өндірісті дамыту керек. Артық өтімділіктен арылу үшін Ұлттық банк пен Үкіметтің іс-қимылын үйлестіру қажет. Қаржыгер елдегі инфляцияның себебі импорттық тауарлар бағасының өсуі мен теңге бағамының әлсіреуі екенін айтады. Сондай-ақ инфляцияға азық-түлік тауарлары құнының өсуі, соның ішінде көкөністер бағасының маусымдық қымбаттауы елеулі үлес қосқан. Инфляцияны тежеу үшін ақша массасын бақылау саясатын ұстанып, экономикалық шынықтық бейімделу қажет. Ал сарапшы Арман Бейсембаевтің айтуынша, монетарлық саясат жалпы стратегиялық бағыттың бір бөлігіне айналуға тиіс. Елдегі инфляция құрылымдық теңгерімсіздіктерден, тиімсіз монетарлық саясаттан туындайды. Сондықтан қазір елге фискалдык қатаңдық емес, ақылға қонымды икемділік керек. Инфляцияны мөлшерлеменің деңгейімен емес, өндірістік өсумен, өнеркәсіпті дамытумен жеңуге болады. Бізге бір рет инфляцияны қалаған деңгейге, мысалы, 8%-ға түсіріп, артынша терең дағдарысқа кеткеннен жыл сайын 3-4%-ға өсіріп, тұрақты дамығанымыз жақсы. Сарапшының айтуынша, қазіргі экономикалық саясат та осы бағытқа бейімделіп келе жатыр. Бірінші жартыжылдықтың соңына қарай жағдай тұрақталуға тиіс. Үкімет нарыққа жаңа жағдайға бейімделуге мүмкіндік берді. Енді бізге нарықтық модельге қарай жылжудан өзге жол жоқ.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Ежелден судьялар құқықтық элитаның өкілдері болып саналған. Судья бейнесі ар-намыс пен қадір-қасиеттің, әділдік пен заңдылықтың идеяларымен байланыстырылған. Қазіргі уақытта Қазақстанда судьялардың имиджі мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Біздің ойымызша, судьяның тәуелсіздігі мен имиджі – өзара тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтыратын элементтер.

СУДЬЯНЫҢ МОРАЛЬДЫҚ БЕТ-БЕЙНЕСІНЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Қазақстанда болашақ судьялар жоғары оқу орындарының заң факультеттерінде білім алады, сондай-ақ ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында оқытылады. Осы оқу орындарында білім алатын болашақ судьялардың бойында моральдық-этикалық ұстанымдар, әділдік туралы түсінік қалыптасуы тиіс.

Қазақ даласындағы би-судьялардың тарихи тәжірибесі судьялардың имиджін көтерудің негізгі бола алады. Академик С.З. Зимановтың «Билер соты – бірегей сот жүйесі» атты монографиясының маңызы зор. Академиктің атап көрсетуінше, би-соттардың жоғары адамгершілік және моральдық-этикалық деңгейінің негізгі өлшемдері мыналар болған: тәуелсіздік, кәсібилік, философиялық ойлау, шешендік өнер, асқан әділдік пен адалдық, еркін ойлау мен халықшылдық идеялар, халықтық шешендік тілдің байлығын меңгеру, пікірталас жүргізе білу қабілеті, даулы жағдайлардан шығу жолын табуғады парасаттылық пен тапқырлық. Осы өлшемдер негізінде олар өздерінің сот қызметіндегі өмірлік қағидаларын қалыптастырған.

Сот жүйесінің қызметкері табиғаты жағынан бірегей, жан-жақты дамыған, қоғамның ұлттық құқықтық мәдениетін құрметтейтін, бұл қызметке жас кезінен тәрбиеленген, заңдылық, әділдік және гуманизм қағидаларын ұстанатын тұлға



А.КАРИБАЕВА,
Шығыс Қазақстан облысы
Риддер қалалық сотының
әкімшісі басшысы

болуы тиіс. Сондықтан болашақ заңгер ұлттық құқықтық мәдениетті білуі, бей-тарап және объективті болуы, сындарлы қарым-қатынас жасай алуы, өзгелерге құрметпен қарауы қажет. Соттың имиджі – сот қызметінің ажырамас бөлігі, онсыз әділдік пен ақиқатқа қол жеткізу мүмкін емес. Осы мақсатта судьялар мен сот жүйесінің қызметкерлері қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайту үшін мінез-құлықтың жоғары стандарттарын тұрақты түрде ұстанып, көрсетуі тиіс.

ШҚІР

ПАРАСАТ – КӘСІБИ БОРЫШ ӨЛШЕМІ

Борыш ұғымы – бұл белгілі бір адамның қоғам алдындағы адамгершілік міндеттерінің жиынтығын білдіретін этикалық категория. Моральдық борыштың ерекшелігі – адамның оның объективті мазмұнын өзі саналы түрде түсінуі және оны басшылыққа алуы. Ол борыш талаптарын мәжбүрлеу арқылы емес, ар-ұятының өмірімен орындайды. Сонымен бірге қоғамдық борышты (әрбір азаматтың қоғам алдындағы міндетін) қызметтік немесе кәсіби борыштан ажырата білу қажет.

Судьяның кәсіби борышы кәсіби міндеттерімен ерекшеленеді. Жеке құқықтық сана құқық нормаларын білумен қатар, оларды бағалауды да қамтиды. Көп жағдайда адамдар құқық нормаларын бағалауда өздерінің адамгершілік түйсіктеріне сүйенеді, тіпті нақты құқықтық білімнің орнын әділдік пен парыз туралы жеке пайымдауларымен алмастырады. Моральдық және құқықтық сананың осы табиғи байланысы сот жүзеге асыратын құқықтық насихаттың тиімділігін арттырудың нақты жолын көрсетеді. Заңға және қоғамдық тәртіп ережелеріне құрметті олардың адамгершілік мазмұнын түсіндіру арқылы ғана қалыптастыруға болады, өйткені адамгершілік нормалар заң шығарушы белгілеген көптеген ресми нормаларға қарағанда адам табиғатына әлдеқайда жақын.

А.АБДРАЕВА,
Ақтөбе қаласының судьясы, құқық магистрі

ДЕНСАУЛЫҚ

Алдағы уақытта психологтардың қызметі мен жауапкершілігін арттыру заң шеңберінде қарастырылмақ. Бұл мәселе Мәжілісте талқыға түсті. «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасының алғашқы қарастыру барысында осы салаға қатысты өзекті деген бірқатар мәселелер күн тәртібіне шықты. Мәселен, психологияны медициналық қызметтен ажырату керек пе?

ЖАЛҒАН ПСИХОЛОГТАР ЖҰРТТЫ АДАСТЫРУДА

Бұл сұрақтың туындауына себеп те жоқ емес. Түйткілді тақырыпты біз де таратып көрелік. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістіктерінде қаптаған коуч, блогерлер, жалған психологтар әлеуметтің сенімі арқылы олардың психологиялық көңіл-күйіне «ойнай» бастады. Қарапайым халық шын мәнінде кәсіби психологтарды ажырату мүмкін емес кезеңге тап болды. Жастардың тұлғалық қабілетін ашып, өз бағасын, өз басын қадірлеуді, өзін сүйіп, өзі үшін бүкіл тәуекелдерге баруды үйретуші «ұстаздар» рухани дағдарыс кезеңіне тап болып, өмірден өз орнын таба алмай жүрген қарапайым көпке тура бағыт берудің орнына одан ары тығырыққа тіреп, солардың есебінен қалталарын қампайтуды. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, бабалар тәлімімен өсуі тиіс жастар нағыз өлімге кезеңнен оның ішінде «аңқау елге арамза молда» көбейген уақытпен бетпе-бет келді. «Бүгінгімен өмір сүр», «Сен ешкімнің құлы емессің», «Ең қымбат киім ки, ең қымбат жерде қыдыр, өйткені сен соған лайықсың, бақыттың, барлықтың аурасын сезін», «Басыңды бағала, күйеуің саған бриллиант тақсын, себебі сенің құның ол тастан қымбат» дейтін желі

психологтары талай жасты жолынан жаңылдырды, талай отбасының талқанын шығарды, талай жасты ата-анасынан бездірді. Бұл күнделікті кездесіп, өзіміз күә болып жүрген зауал.

Тойынған замандағы рухани аштық осы болар. Бізде «аш бала тоқ баламен ойнамайды» деген мәтел бар еді. Бүгін сол тоқ балалар аш баламен ойнап жүр. Тура мағынасында. Инстаграммды ашып қарай беріңіз. Қалтаңда соңғы екі мың теңге қалса, соған қымбат ресторанның бір шыны аяқ кофе болса да алып ішіп, ештеңені байланба, кедей, бақытсыз адаммен араласпа» дейді бір психолог коуч. Барлық пен байлықтың аурасы қай кезде сезіледі? Адам қай кезде жақсыға лайық? Негізі, қарапайым көп оңсыз да бақытты еді, адал еңбекке сүйенсе, қолынан келетін кәсібін істесе лайықты асы алдына келетінін білетін. Солай бола берер де еді. Егер ақпараттық технологиялар жетістігін (әлеуметтік желілерді) осы «психолог жұлдыздар» өнер мен білімді, кітапты, қол еңбекті, ізет пен құрметті дәріптеуге жұмса-са. Бізде қалай болды? Аста-төк дастарқан мен жарқыраған киім, сол психологтардың шетелдегі әдемі өмірі, амбассадор жұлдыздар жарнамасы



тоғышарлықтан азат елдің көңіліне құрт салды, санасын улады. Оның аяғы (жалғасы дейік, ол үрдіс әлі де асқынып тұр) ауыр қасіреттерден көріне бастады. Айфон үшін көпірден секіріп, қызыл кеңірдек боп керісіп, жақынынан кетісіп, депрессияға түсіп жатқандар жетеді. Миына құрт, жүрегіне запыран боп қандаған аурудың салдары осылай мың бір түрлі бәле боп оралып жатыр... Осындай оқшылықтың бәрі психология саласына реформа мен қайта құрылымдау жұмыстарын қажет етіп отырған-ды. Ендеше бұндай шала-сауат рухани ұстаздарға қарсы қайран не еді?! Әрине, заң. Мәжілісте талқыға «Психологиялық қызмет туралы» заң жобасына депутат Айна Мысырәлімова жетекшілік етті. Оған Мәжіліс депутаты, мемлекеттік органдардың өкілдері және сала сарапшылары қатысты. Олар психологиялық қызметті жүзеге асырудың құқықтық негіздерін қалыптастыру, психологиялық көмекті медициналық қызметтен ажырату мен психологтардың

мемлекеттік тізілімін құру сынды мәселелерді талқылады. Сонымен қатар психологтарды даярлауға қойылатын бірыңғай талаптар мен кәсіби стандартты енгізу жайы да қарастырылды. Жалпы құжат жобасы кәсіби психологиялық көмектің сапасын арттыруға және халыққа көрсетілетін қолдау жүйесін жетілдіруге бағытталған.

Егер талқыдағы заң жобасы қабылданып, қолданысқа енсе, жоғарыда айтылған жалған психологтарға қатысты құқықтық негіздер қалыптасатыны анық. Ол көптеген жүгенсіздікке тоқтау болар еді. Ұлттық құндылықтарынан ажырап, психологиялық депрессияда жүрген қоғам жалған мамандарға емес, кәсіби стандарттарды түсінетін жоғары білімді мамандарға жүгінер еді. Халық денсаулығы ең алдымен психологиялық көңіл-күй мен рухани кемелдікпен жақсарары. Ендеше, бұл мәселе қоғам болып талқылайтын ең өзекті тақырыптардың бірі.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

ДЕТЕКТИВ ШЫҒАРМАЛАР БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы биыл тоғызыншы рет детектив шығармалар байқауын жариялайды.

Биылғы байқаудың талаптары: Техникалық талап: Мәтін Microsoft Word редакторында терілуі тиіс, қарпі – Times New Roman, кегль – 14, жоларалық интервал – 1, басыағы 15 беттен аспағаны абзал. Сондай-ақ байқауға қатысушылар көмегімен қазақ детективінде бірегей ізкесушінің бейнесін қалыптастыруды мақсат етіп келе жатқанымызға биыл үшінші жыл.

Еске сала кетсек, ағылшын жазушысы Артур Конан Дойлдың қаламынан туған Шерлок Холмс – әдеби персонаж. Жазушы қиялының жемісі саналатын осы ізкесушінің әлем халқы таниды, жақсы көреді. Содан болар, Шерлок Холмсқа деген құрмет жоғары. 1990 жылы Лондоннан ашылған музей-үйі – сөзіміздің нақты дәлелі.

Бүгінде бұл музейге келушілерде есеп жоқ. Қысы-жазы кезек арылмайтын музейде жазушы шығармасындағы персонаждармен қауышып, әр оқиғаның ішінде жүргендей хал кешесіз. Артур Конан Дойлдың мерекеттігі осында. Ол ағылшын детективін дамытуға сүбелі үлес қосып

кана қоймай, Шерлок Холмс бейнесі арқылы ағылшын ізкесушілерінің мықтылығын, даралығын дәлелдеді. Сөз құдіретінің арқасында қиялдан туған кейіпкерінің көмегімен елінің танымал болуына ықпал етіп отыр. Ендеше, қазақтың өз ізкесушісінің образын қалыптастыруға не кедергі? Мұндай айтулы тұлғаны қаламның күші, қиялдың ұшқырлығымен жасайтын – сіз бен біз!

Құрметті байқауға қатысушылар!
Ішкі істер министрлігінің білікті мамандарымен ақылдаса отырып, сіздерге ұсынғалы отырған бірегей ізкесушінің бейнесі төмендегідей:

Тергеушінің /жедел уәкілдің/ сипаттамасы: Қайсанов Абылай Әзімханұлы.

* Жасы: 35-50 аралығында;

* Қалалық ІІБ Тергеу бөлімінің басшысы, шені – полковник.

* Жоғары білімді, арнайы оқу орнын аяқтаған

/бірге оқыған достарымен әрдайым хабарласып тұрады/.

* Орта денелі, бойы 170-180 см, салмағы 83 кг.

* Жас кезінде спортпен кәсіби түрде шұғыл-

данған /күрес түрлерінен спорт шеберіне үміткер; осының арқасында елде ғана емес, шет мемлекеттерде де спортшы таныстары көп. Спортпен әлі күнге тұрақты айналысып тұрады. ІІМ қызметкерлері арасында өткізілетін турнирлердің жеңімпазы;/

* Отбасылы: 2 ұл, 1 қызы бар. /Жұбайы – Айша, мамандығы – дәрігер. Үлкен ұлы Медғат ІТ саласында қызмет етеді, жеке кәсіпкер. Екінші ұлы Қасым – ЖОО студенті. Қызы Еркеназ – орта мектептің 9-сынып оқушысы.

* Ата-анасы Астана қаласында тұрады, екеуі де зейнеткер /олармен, туыстарымен, достарымен байланысты үзбейді;/

* Жұмыста қатаң, бір істі қолға алса, нәтиже шығармай тынбайды; мәселені қазбалап, бүгеге-шігесіне дейін зерттеп, мән-жайды анықтауды әдет қылған.

* Уәдеге берік, тік мінезді, алайда әр істі ақылға салып, аналитика жасап шешім қабылдауды жөн санайды;

* Жауапкершілігі жоғары, кәсіби шебер маман ретінде кейде басқа өңірлерге іссапарға шығып тұрады /жедел тергеу тобы құрамында күрделі істерді тергеу үшін/;

* Адамдармен қарым-қатынаста сыпайы, ортада өзін ұстай біледі, үлкен-кіші демей барлығына құрметпен қарайды. Қиналған адамға көмектесуге, қол ұшын созуға дайын тұрады.

* Атыс қаруын жақсы меңгерген.

* Бос уақытында балық аулағанды жақсы көреді /кармақпен/. Отбасымен табиғат аясына шығып демалғанды ұнатады;

* Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты мықты ұстанады, жөн-жосықты жақсы біледі;

* Криминалистика бойынша үнемі оқып, ізденеді.

* Адал, жемқорлыққа жаны қас. Бұл – біз ұсынатын отырған кейіпкердің жалпы сипаттамасы. Ал, бас кейіпкердің қасиетін әрі қарай даралау, қандай қылмысты аштырып, қандай жұмбақты шештіру, ең бастысы, ізкесушіден жағымды бейне қалыптастыру – сіздің қиялыңыз бен шеберлігіңізге байланысты. Еркіндікке шек қойылмайды.

Байқаудың үздік шығармалары жинақталып кітап болып шығады. Осыған орай авторлардан өзі туралы толық мәліметті берумен бірге, шығармасын жинаққа қосу туралы рұқсатты жазбаша рәсімдеп жолдау талап етіледі. Оның мәтіні төмендегідей:

ҚОЛХАТ

Мен _____ «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС бастамасымен өтетін детектив байқауына қатыса отырып, конкурста жолдаған атты шығарманың авторлық құқықын «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС-не беремін. Ұйымдастырушылар шығарманды баспасөз бетінде, интернет сайттар мен әлеуметтік желіде менің рұқсатымысыз жариялап, жинаққа енгізе алады және басқа да мақсаттарға пайдалануға құқылы. Болашақта менің тарапымнан ешқандай талап, шағым, наразылық болмайды.

Аты-жөні, қолы, датасы

Қосымша сұрақтарыңыз бен шығарманыңды zangazet@mail.ru электрондық поштасына «Байқауға!» деген белгімен жолдай аласыз! Байланыс телефоны: 87011220940

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

4. «Главстройсантехснаб» ЖШС (БСН 100740002993) (Қостанай қаласы, Шақшақ Жәнібек батыр көшесі, 12-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 110000, ҚР, Қостанай қаласы, Шақшақ Жәнібек батыр көшесі (бұрынғы Орал көшесі), 12-үй, тел. 8 (7142) 917 560.

7. «Байшешек 19» ЖШС (БСН 190340029789) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Байшешек көшесі, 44-үй, тел. +7 701 313 32 95.

10. «Компания АрманСтрой» ЖШС (БСН 161140029907) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Улытау көшесі, 1-үй.

11. «Қазақ Транс Строй» ЖШС (БСН 200840010780) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Әбікен Бектұров көшесі, 4/4 үй.

13. «Алим Транс Логистик» ЖШС (БСН 230840037936) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Қарасу ауылдық округі, Қарасу ауылы, Жібек Жолы көшесі, 257-төлім, индекс 160800.

15. СПК «ЕРКЕБУЛАН АЕМ» (БСН 250440025307) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылы, Ынтымақ көшесі, 19. Тел. 8 708 911 33 89.

16. «@SOFT» ЖШС-нің Ақтөбе қаласындағы филиалы (БСН 150941023422) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, № 95/1 үй, 21 кеңсе, тел. 8 701 950 5054.

17. «Қазақстан Мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысы, Қызылқоға аудандық өкілдігі (БСН 060342015644) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылы, Абай көшесі, №4, тел. 87123821410.

18. «Т. Ақбозов атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесі» қоғамдық қоры (БСН 171240025464) өз қызметін тарату (жабу) туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Қордың кредиторлары өз талаптарын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша ұсына алады: Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көкөзек ауылы, Н.Абдуалиев көшесі, № 46, тел. 8 777 507 65 05 (Маржан).

20. «Болат құрылысы» ЖШС (БСН 160140006836) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Зеленовский ауданы, Мичурин ауылдық округі, Асан ауылы, 14-көше, 32-үй.

21. Тарату туралы хабарлама

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (БСН 201040036143) заңды мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Дарын-1 шағынауданы, 47/5 үй, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының жабылғаны туралы хабарлайды (БСН 240641023778) мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Дарын-1 шағынауданы, 47/5 үй. Филиалды жабу туралы шешім Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 21 мамыр №9 шешімі негізінде қабылданды. Филиалдың қызметіне байланысты талаптары немесе міндеттемелері бар барлық мүдделі тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Дарын-1 шағынауданы, 47/5 үй мекенжайы бойынша жазбаша өтініштер жіберуді сұраймыз. Қосымша ақпаратты осы +7 727 232 0754 телефон арқылы алуға болады.

ӘРТҮРЛІ

5. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкіне сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды. Анықтамалар үшін телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

8. «Best Express Stroy» ЖШС (БСН 110540013478) мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ақбұлақ ықшамауданы, Сейдолла Бәйтереков көшесі, 107-үй, 19-пәтер, «Риддер-Полиметалл» ЖШС-не (БСН 150940014071, 071303, ШҚО, Риддер қаласы, Киров көшесі, 93-ғимарат) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап заңда белгіленген мерзімде келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: «Best Express Stroy» ЖШС (БСН 110540013478) ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ақбұлақ ықшамауданы, Сейдолла Бәйтереков көшесі, 107-үй, 19-пәтер. «Риддер-Полиметалл» ЖШС (БСН 150940014071) 071303, ШҚО, Риддер қаласы, Киров көшесі, 93-ғимарат.

9. «Риддер-Полиметалл» ЖШС (БСН 150940014071) мекенжайы: ҚР, 071303, ШҚО, Риддер қаласы, Киров көшесі, 93-ғимарат, өзіне «Best Express Stroy» ЖШС-нің (БСН 110540013478, мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ақбұлақ ықшамауданы, Сейдолла Бәйтереков көшесі, 107-үй, 19-пәтер) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап заңда белгіленген мерзімде келесі мекенжайлар бойынша қабылданады: «Best Express Stroy» ЖШС (БСН 110540013478) ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ақбұлақ ықшамауданы, Сейдолла Бәйтереков көшесі, 107-үй, 19-пәтер. «Риддер-Полиметалл» ЖШС (БСН 150940014071) 071303, ШҚО, Риддер қаласы, Киров көшесі, 93-ғимарат.

12. «KazNet Media (KazNet Медиа)» ЖШС (БСН 090340020625) өзінің ұйымдық-құқықтық нысанын жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен акционерлік қоғамға өзгерту жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әлімжанов көшесі, 51-үй.

14. Қоғамдық талқылау өтеді
Тақырыбы: «Қостанай қаласы Победа - Шайхұлтан Шаяхметов - Амангелді - О. Қозыбаев көшелерінің шекараларында егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу»
Тапсырыс беруші: ЖК Айтқужинов И.Е. Қоғамдық талқылау 26.03.2026 ж. сағат 11:00-де Қостанай қаласы, Маяковский көшесі, 119, «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» МКҚК өтеді
Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде электрондық мекенжайға: e.vaiyech@kostanay.gov.kz не «Қостанай қаласы әкімініңнің есептеу және қада құрылысы бөлімі» ММ-не Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 128 мекенжайы бойынша қабылданады.

19. Хабарландыру
«МФО Үміт Финанс» ЖШС (БСН 250240019385), 16.02.2026 ж. бастап заңды мекенжайы өзгергенін хабарлайды: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17-үй, т.е.б. бв, индекс 050000.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

2. 6.09.2025 жылы қайтыс болған Саржанов Шағдарбек Шайхуәліұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

3. 1.09.2025 жылы қайтыс болған Бейсенова Гүлнара Асанқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рыскулов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

6. 15.01.2026 жылы Исакова Гулбакыш Ашимовнаның қайтыс болуына байланысты артынан мұра ашылды. Мұрагерлер нотариус А.А.Тұрымбековаға мына мекенжай бойынша хабарласуы қажет: Семей қаласы, Шугаев көшесі, 4, «Білім» қоғамы ғимараты, 303-кабинет. Тел. +7 777 151 19 00.

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@stan@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6565 дана
Апталық таралым 13130 дана
Тапсырыс №933 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШСбаспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31

СҰХБАТ

– **Бекжан Талғатұлы, Қазақстан аумағы арқылы батыстан шығысқа, оңтүстіктен солтүстікке қарай жылына екі мәрте құстың сан мыңдаған түрі ұшып өтеді. Өкінішке қарай оны тамашалайтын туризмнің ерекше бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Қазақстандағы құс жолдарын туризмге пайдаланудың мүмкіндігі туралы пікіріңізді білсек?**

– Сіз айттып отырған құстарды бақылауға қатысты туризм саласының аты – бёрдвотчинг (birdwatching) деп аталады. Бұл бағыт әлемнің дамыған елдерінде жақсы жолға қойылған. Мәселен, тек Еуропа елдеріндегі әуесқой орнитологтардың қауымдастығына мүше адамдардың саны ондаған миллионнан асады. Қазақстанда да бұл бағытқа қызығатын адамдар саны өсіп келе жатқаны байқалады. Сондықтан, бізде де осы саланы кәсіп ететін кісілер пайда болды. Өкінішке қарай, әзірге құс тамашалау туризміне келетін шетелдік қонақтарға қызмет көрсетуде жергілікті мамандардың үлесі аз. Бұл, бір жағынан – біздің елде бұл саланың әлі толық қалыптаспауынан болса, екінші жағынан, жергілікті орнитолог мамандардың ағылшын тілін жетік білмеуі себеп болып жатады.

– **Бұл бизнес түрі біздің елімізде қай уақыттан бері бар? Құстарды тамашалау қай өңірлерде жақсы дамыған?**

– Бұл бағыт Қазақстанда бұрыннан бар, бірақ шағын нарық ретінде қалыптасып келе жатыр. Құс тамашалау үшін ең ыңғайлы аймақтың бірі – Алматы өңірі және оған іргелес аумақтар. Себебі мұнда тау, шөл, көл, дала, тоғай сияқты әртүрлі ландшафттарды қысқа қашықтықта көруге болады. Бұл әртүрлі экожүйелерге тән құстарды бір сапарда бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, әлемде 11 мыңдай құстың түрі болса, Қазақстанда соның 500-ден аса түрі кездеседі. Ал Қазақстанның тек оңтүстік-шығысында 400-ге жуық құстың түрі бар. Сондықтан шетелдік бёрдвотчерлер көбіне Алматыға 1-2 аптаға келіп, өңірлік маршрутпен жүріп кайтады. Дегенмен, Қазақстанның әр өңірінің құстарының өзіндік ерекшелігі бар. Сондықтан, кез келген өңірді құс тамашалау үшін тартымды етуге болады. Туристер үшін Шақпақ асуы, Қаратау сілемдері, Тарбағатай-Алакөл-Зайсан аймағы, Қорғалжың, Каспий маңы өте қызықты. Түркістан өңірінің қызылқұмы да сұранысқа ие. Бірақ, құс тамашалаушылар арасында жергілікті туристер қатары өте аз.

– **Еліміздегі құстарды тамашалау туризмі нарығының көлемін болжауға бола ма?**

– Нарықтың нақты көлемін дәл қазір айту қиын. Бірақ тәжірибеде бір туристің әр күндік шығыны 100\$-дан асуы мүмкін. Сәйкесінше бір сапарында шамамен 1000-2000\$ қаражат жұмсайды. Бұл тұратын жеріне, көлігіне, маршруттың күрделілігіне, гид қызметіне, тамақтануына байланысты өзгереді. Яғни бұл – көзге көріне бермейтін, бірақ әлеуеті бар экотуризм түрі.

– **Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Шақпақ ата асуында құстарды сақиналайтын орталық барын әлі көп адам білмейді.**

– Зоология институтының бөлімшесі саналатын бұл орталықтың құрылғанына биыл 60 жыл толады. Шақпақ асуы – Тәңіртау мен Қаратаудың арасында орналасқан, құстар миграциясы үшін маңызды табиғи дәліздердің бірі. Айналасындағы таулардың күрделі бедеріне байланысты көптеген құстар осы асу арқылы өтеді. Сондықтан бұл жерде миграцияны зерттеу үшін өте қолайлы жағдай қалыптасқан.

Шақпақ орнитологиялық орталығының дерегіне сүйенсек, 1966–2026 жылдар аралығында 236 түрге жататын шамамен екі миллионға жуық құс сақиналанған. Олардың бір бөлігі Еуропа, Африка, Таяу Шығыс, Үндістан, Қытай, Моңғолия және Ресей сияқты 23 елге ұшып барғаны белгілі болған. Бұл енді тұзаққа ілінген құстардың мәліметі, ал тұзаққа түсе бермейтін, биік ұшатын құс түрлерін қоса қарағанда, бұл сан одан да жоғары болады. Сол үшін құстарды сақиналаумен қатар, санақ жүргізу керек. Соңғы жылдары құстарды санауға волонтерлерді көбірек тартып жатырмыз. Бірақ мәсе-

Бекжан БЕРДІҚҰЛОВ, Зоология институты орнитология және герпетология зертханасының меңгерушісі міндетін атқарушы, PhD:

«ҚҰС ТАМАШАЛАУ – ТУРИЗМНІҢ ЕҢ КЕНЖЕЛЕП ҚАЛҒАН САЛАСЫ»

...миграция кезеңінде құс аулауға өте сақ қарау керек. Себебі кейде аңшылыққа рұқсат етілген түрлерге ұқсас, қорғау мәртебесі жоғары, Қызыл Кітапқа енген түрлер де ұшып жүреді. Далалық жағдайда аңшының түрлерді дәл ажырата алмауы мүмкін. Сондықтан лицензия беру кезінде ақпараттандыру өте маңызды. Бұрын аңшылық билеттерінде сақинасы бар құсты атып алса, хабарласу туралы ақпарат кездесетін. Осындай практиканы қайта енгізсе пайдалы болар еді.

ле қаржыға келіп тіреледі. Өйткені құстарды сақиналау орталығы мемлекеттен тұрақты қолдау ала алмайды. Станцияны дамыту үшін жеке немесе сырттан қаржыландыру көзі қажет. Себебі, Шақпақ асуы сияқты, құстардың көші-қон дәлізі саналатын жерлер әлемде көп емес.

– **Орталық туралы кеңірек айта кетіңізші?**

– Шақпақ орнитологиялық орталығы 1966 жылы құрылған. Негізі, Қазақстанда құстарды сақиналау оған дейін де болған. Бұл орталықтың ашылуына белгілі ғалым И.А.Долгушин үлкен үлес қосты. Кенес дәуірінде 1980 жылдарға дейін орталық жақсы қолдау көрді. Кейін тоқырау кезеңінде мамандар азайып, белсенділігі төмендеді. Кейбір жылдары тіпті мүлде жұмыс жасаған жоқ. Қазір оны биология ғылымдарының кандидаты Андрей Гаврилов атты орнитолог басқарады. Аталған орнитологиялық орталық Зоология институтының орнитология және герпетология зертханасына қарайды. Мен сол жақта 2021 жылдан бастап істеймін және бір жылдан бері меңгеруші міндетін атқарып келемін.

Біз былтырдан бастап шетелден де, Қазақстаннан да волонтерлер шақы-



дұрыс ұйымдастырса, тәжірибе жинауға мүмкіндік бар. Сондықтан Еуропадан, АҚШ-тан, Үндістаннан келісі келетіндер кездеседі.

– **Құстарды сақиналайтын мұндай орталықтар Қазақстанда бұрын көп еді ғой?**

– Дұрыс айтасыз. Бұрын Сорбұлақ, Алакөл, Қорғалжың деген сияқты құстар көп ұялайтын жердің бәрінде мобильді құстарды сақиналайтын топтар болды. Еліміздің түкпір-түкпірінде жүздеген сақиналау орны болған. Қазір Қазақстанда тек бір ғана орнитологиялық станция бар. Кейде, Алакөлге су құстарын сақиналауға барып келеміз. Ал жеке станцияларды тұрақты ұстап тұру үшін кадр да, қаржы да керек.

– **Шақпақ асуына туристерді тартуға бола ма?**

– Ниет бар. Бірақ турист қабылдау үшін ең алдымен жағдай жасау керек: инфрақұрылым, жатын орын, санитарлық жағдай, логистика. Қазіргі біздің материалдық база толық дайын емес, сондықтан әзірге бастапқы кезеңдеміз. Жалпы, құс тамашалаушыларды шартты түрде ғалымдар және туристер деп екі топқа бөлуге болады. Ғалымдардың жұмыс форматы басқа, ал туристік топтарға нақты ережелер, маршрут тәртібі, қауіпсіздік талаптары керек. Соның бәрін реттеп алған соң, туркомпаниялармен бірлесіп турмаршруттарға енгізуге болады.

Шақпақ асуы Ақсу-Жабағылы қорығына жақын орналасқаны біршама артықшылық береді. Сонымен қатар, Түркістан-Тараз туристік бағытының арасында орналасқандықтан, маусымдық турөнім ретінде дамытуға болады. Әсіресе күзгі миграция кезеңі қызық.

– **Құстардың кейбір түрлерін аулауға құзырлы органдар жыл**

сайын аңшыларға квота белгілеп, лицензия беріп жүр. Бұл мәселеге қатысты өз ойыңыз қандай?

– Менің ойымша, миграция кезеңінде құс аулауға өте сақ қарау керек. Себебі кейде аңшылыққа рұқсат етілген түрлерге ұқсас, қорғау мәртебесі жоғары, Қызыл Кітапқа енген түрлер де ұшып жүреді. Далалық жағдайда аңшының түрлерді дәл ажырата алмауы мүмкін. Сондықтан лицензия беру кезінде ақпараттандыру өте маңызды. Бұрын аңшылық билеттерінде сақинасы бар құсты атып алса, хабарласу туралы ақпарат кездесетін. Осындай практиканы қайта енгізсе пайдалы болар еді. Сақина арқылы құстың қайда белгіленгенін тез анықтауға болады, бұл ғылым үшін өте құнды дерек.

– **Жер-есерде болып жатқан соғыстар құстардың көші-қонына әсер етті ме?**

– Толық, біржақты жауап беру қиын, бірақ әсер етеді деп ойлаймын. Әсіресе, ұялау кезеңінде және миграциялық жол таңдау кезінде. Құстар бір ғана маршрутпен ұшпайды, кей түрлерде балама жолдар болады.

Қазір трекинг арқылы бір түрдің әр жылдары әртүрлі бағытпен ұшатынын көріп отырмыз. Бұрын сену қиын болған кей маршруттар (мысалы, өте күрделі таулы аймақтарды айналып өту) енді нақты дерекпен расталып жатыр. Мысалы, Зайсан өңіріне ұя салған үлкен шырғалақ Бангладешке барып қыстаған. Ол қыстауға Шақпақ арқылы ұшып, ал қайтар жолда Тянь-Шанның арғы шығыс бетімен айналып келген. Бір түрдің өзі әр жылдары әртүрлі жолмен ұшып келеді. Ал жыртқыш құстарда ұшу маршруты салыстырмалы түрде тұрақты болса, көгершіндердің ұшу траекториясы құбылмалы. Су құстары да өте алысқа ұшады. Мысалы, Алакөліде ұшып үлкен қырылдақ деген бір құсымыз Қытай арқылы Тынық мұхитына барып, одан Вьетнамға ұшып кеткен. Трекинг ғылымына кіргелі бері бұрын түсініксіз, белгісіз болып келген көптеген қызық материалдар алып жатырмыз.

– **Бала кезімізде Қытайда өсімдікке зиян келтіреді деп торғайларды өлтіруге рұқсат берген деп естіген едік. Жалпы, құстардың пайдасымен қатар, зияны да бар деуге бола ма?**

– «Құстар зиян» деп жалпы айту дұрыс емес. Құстар экожүйеде маңызды рөл атқарады және көбіне индикатор түрлері ретінде қарастырылады. Яғни, белгілі бір аймақта құстар азайса, ол жерде экожүйелік проблема бар болуы мүмкін. Әсіресе жыртқыш құстар коректік тізбектің жоғары сатысында тұрғандықтан, ортадағы өзгерістерге өте сезімтал.

Мысалы, шығыс өңіріндегі мал жайылымының азаюы, соның әсерінен шөптің биік өсуі, соның әсерінен кемірушілер санының азаюы – жыртқыш құстар санының азаюына әсер етеді. Сонымен қатар адам факторы, ауыл шаруашылығы, химиялық ластану, ұялардың бұзылуы, қамыстың өртенуі, сулы-батпақты жерлердің кетуі мен ластануы сияқты әсерлер де құстар санына ықпал етеді. Сондықтан құстарды тек «пайдалы не зиянды» деп қарамай, экожүйенің жағдайын көрсететін маңызды биоиндикаторлар ретінде бағалау керек.

– **Сұхбатыңызға рақмет.**

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

ДРОППЕР – АЛАЯҚТЫҢ КӨМЕКШІСІ

Елімізде соңғы жылдары алаяқтық қылмыстар қоғам үшін ең қауіпті әрі кең тараған құқық бұзушылықтың біріне айналды. Әсіресе интернет арқылы жасалатын алаяқтық пен дропперлерді пайдалану схемасы азаматтардың қаржылық қауіпсіздігіне елеулі зиян келтіріп отыр. Мамандар бұл құбылысты цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, құқықтық сауаттылықтың жеткіліксіздігі және «оңай олжаға» сену психологиясымен байланыстырады.

Қазір алаяқтық дәстүрлі ұрлық немесе алдау шеңберінен әлдеқашан шықты. Бүгінде ол жақсы ұйымдастырылған, бірнеше деңгейден тұратын жүйелі қылмысқа айналып отыр. Телефон қоңыраулары, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, жалған интернет-дүкендер мен фишингтік сайттар – алаяқтардың негізгі құралы.

Статистика сөйлесе...

Ресми мәліметке сүйенсек, соңғы бір жылда Қазақстанда он мыңдаған алаяқтық тіркелген. Қылмыс деңгейі төмендегенімен, алаяқтық өскен.

Соның ішінде интернет-алаяқтық үлесі шамамен 50 пайызға жуықтаған. Келтірілген материалдық шығын ондаған миллиард теңгеге жетіп, қаражаттың басым бөлігі қарапайым азаматтар жинағы екені алаңдатады. Интернет-алаяқтықтың өсуіне онлайн-банкинг, электронды сауда және қашықтан қызмет көрсетудің кең таралуы ықпал етті. Қылмыскерлер заманауи технологияны тез меңгеріп, психологиялық қысым мен сенімге кіру тәсілін шебер қолдануда.

Өзін банк қызметкері немесе мемлекеттік орган өкілі ретінде таныстырып, азаматтардың жеке дерегін сұрату, «шотыңыз бұғатталды» деген үрейлі хабарлама, жалған инвестициялық жоба – бүгінде жиі кездесетін тәсіл. Мұндай схемаларға көбіне зейнеткерлер, жастар және цифрлық сауаттылығы төмен азаматтар алданады.

Дроппер «кездейсоқ орындаушы» емес

Алаяқтық қылмыстың негізгі тегінің бірі – дропперлер. Дроппер – өз банк картасын, есепшотын немесе жеке дерегін алаяқтардың пайдалануына берген тұлға. Олар қылмыстық схемада

«аралық буын» қызметін атқарады. Құқық қорғау органдарының мәліметінше, соңғы жылы ондаған киберқылмыстық топ әшкереленіп, жүзге жуық дроппер жауапкершілікке тартылған. Сонымен қатар «дропперлік» фактісі бойынша қозғалған істердің саны артып келеді.

Алаяқтар ұрланған қаржыны бірнеше дроппердің шоты арқылы айналдырып, ізін жасырады. Ақша бір шоттан екіншісіне қысқа уақыт ішінде аударылып, ақыр соңында қолма-қол шешіп алынады немесе шетелге шығарылып кетеді. Бұл құқық қорғау органдарының жұмысын күрделендіре түседі.

Көп жағдайда дропперлер өздерін қылмыскер емес, «кездейсоқ орындаушы» ретінде қабылдайды. Олар «тек карта бердім», «ақша аударып бердім» деген уәж айтады. Алайда заң тұрғысынан бұл – алаяққа жәрдемдесу. Сарапшылардың айтуынша, дропперлердің басым бөлігі – жастар мен тұрақты табысы жоқ азаматтар. Олар әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы таралатын «оңай табыс» туралы хабарландыруларға сеніп қалады. Нәтижесінде банк шоттары бұғатталып, өздері қылмыстық істің фигурантына айналады.

Қоғамдық қауіп және әлеуметтік салдар

Алаяқтықтың басты салдарының бірі – қоғамдағы сенімнің әлсіреуі. Адамдар банк

жүйесіне, онлайн-қызметтерге, тіпті бір-біріне күдікпен қарай бастайды. Бұл экономикалық белсенділікке де кері әсер етеді. Сонымен қатар алаяқтық құрбандары психологиялық күйзеліске түсіп, әлеуметтік оқшаулануға ұшырайды. Кей жағдайда азаматтар барлық жинағынан айырылып, қарызға батады. Бұл мәселе әлеуметтік сипат алып отыр.

Мамандар пікірінше, алаяқтықпен күресте ең тиімді жол – алдын алу, қаржылық және цифрлық сауаттылықты арттыру, күмәнді ұсыныстарға сын көзбен қарау, жеке деректерді қорғау. Бұқаралық ақпарат құралдары, білім беру ұйымдары және қоғамдық құрылымдар бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізуі тиіс. Дропперлік салдарын ашық көрсету, нақты мысалдар арқылы түсіндіру – қоғамда сақтық мәдениетін қалыптастырады.

Алаяқтық пен дропперлік – цифрлық дәуірдің ең қауіпті әрі күрделі қылмысының бірі. Бұл тек құқық қорғау органының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ мәселесі. Заң мен тәртіпті сақтау, жеке жауапкершілікті сезіну және «оңай табыс» иллюзиясынан бас тарту арқылы ғана бұл қатердің алдын алуға болады. Қырағылық пен саналы таңдау – әр азаматтың қаржылық қауіпсіздігінің басты кепілі.

Е.БИБАТШАЕВ,
Жарма аудандық сотының
сұтасыясы
АБАЙ ОБЛЫСЫ